

О. С. Локтионова

# ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

## ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Жалпы білім беретін мектептің  
қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы  
11-сынып мұғалімдеріне арналған құрал

Өндөлген екінші басылымы

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2011

УДК 373(072)  
ББК 74.266.3  
Л17

*Аудармашы Болат Үмбетәлиев*

**Локтионова О.С.**

Л17      **Дүниежүзі тарихы: Әдістемелік нұсқау: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит. бағытындағы 11-сынып мұғалімдеріне арналған құрал.** — Өнд. 2-бас. — Алматы: Мектеп, 2011. — 88 6.

ISBN 978—601—293—479—3

Л **4306010600—182**  
**404(05)—11** 31(2)—11

УДК 373(072)  
ББК 74.266.3

© Локтионова О.С., 2007  
© Аудармашы: Үмбетәлиев Б.,  
2007

© «Мектеп» баспасы, көркем  
безендірілуі, 2011

Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мұліктік құқық-  
тары

«Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—479—3

## I тарау. XX ФАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XXI ФАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ДҮНИЕЖҰЗІ ДАМУЫНЫң НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРИ

### § 1. Дүниежүзінің соғыстан кейінгі дамуы. Өлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары

#### *Сабактың мақсаты*

Соғыстан кейінгі дүниенің өлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарының мазмұнын ашып көрсету. Оқушыларды экономикадағы, әлеуметтік саладағы, дүниежүзіндегі елдердің ғылыми-техникалық дамуындағы жаһандық өзгерістермен таныстыру. Оқушылардың шығармашылық ой-өрісін жаттығулар беру арқылы дамыту. Интерактивті тапсырмаларды пайдаланып, олардың жеке белсенді өмірлік үстанимын қалыптастыру.

#### *Көрнекі құралдар*

Дүниежүзінің саяси картасы.

#### *Негізгі ұғымдар*

*Ақпараттық қоғам* — ақпараттық технологиялар мен бұқаралық коммуникация құралдары жетекші рөлге ие болатын қоғамның түрі.

*Инфрақұрылым* — өндіріске қызмет көрсететін және қоғамның тіршілік қызметінің жағдайларын қамтамасыз ететін шаруашылық салаларының кешені.

*Жаһандану* — бұл капиталдың женел ойысуына, дүниенің ақпарат жағынан ашық болуына, ғылыми-техникалық революция жетістіктеріне негізделген коммуникациялық жақындасу, ұлтаралық өлеуметтік қозғалыстар негізінде ұлттық экономикалардың жалпы дүниежүзілік біртұтас жүйеге топтасуы.

*Декларация* — мемлекеттердің, үкіметтердің атынан жасалған мәлімдеме; негізгі принциптерді салтанатты түрде жариялау, сондай-ақ сол принциптер баяндалған құжаттардың атауы.

*Жаңа индустриялы елдер* — экономикалық даму деңгейі бойынша дамыған дүниеге жақындаған Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері.

*Ғылыми-техникалық революция (FTP)* — ғылыми білімдер жүйесіндегі және техникадағы түбекейлі өзгерістер, өндіргіш

күштерді ғылымның қоғамдық өндірісті дамытудың жетекші факторына айналуы негізінде қайта ұйымдастыру.

### ***Негізгі оқиғалар***

**1944—1945 жж.** — Дүниежүзілік валюта қоры мен

Халықаралық даму жөне қайта өрлеу банкі құрылды.

**1945 ж.** — Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылды.

**1957 ж.** — КСРО-да дүниежүзіндегі тұңғыш жасанды Жер серігі ұшырылды.

**1960 ж.** — Отаршылдықты жою принциптері туралы Декларация қабылданды.

**1961 ж.** — Адамның ғарышқа ұшырылуы жүзеге асты.

### ***Сабактың барысы***

1. Мұғалім сабактың тақырыбын тақтаға жазып, сабак мақсаттарын белгілейді жөне түсіндіреді.

2. Мұғалім оқушыларды жаңа материалдарды игеруге даярлайды, оларға алдын ала сұрақтар қояды:

1) Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін дүние-жүзінің жалпы көрінісі қандай болды?

2) Біріккен Ұлттар Ұйымы қашан жөне қандай мақсатта құрылды?

3) Қазіргі кезеңде БҮҰ-та қашама мемлекет мүше екенін білесіндер ме?

3. Мұғалім оқушылардың жауаптарын қорытындылады.

Одан кейін өлеуметтік-экономикалық жөне саяси-идеологиялық көрсеткіштер бойынша, дүниежүзілік қоғамдастықтың XX ғасырдың орта тұсында белінген үш дүниенің әрқайсысына сипаттама береді. Елдердің әрбір тобын мұғалім картадан көрсетеді.

4. Мұғалім *мига шабуыл* өдісін жүргізеді.

*Мига шабуыл* — шығармашылық бастамасын дамыту жөне идеяларды дереу іске қосу өдісі. Бұл жағдайда *ғылыми-техникалық революция* үғымын пысықтау қажет. Бұл үғымды мұғалім тақтаға жазады да, оқушылар бұл терминді қалай түсінетінін айтып береді. Мұғалім олардың айтқанын қорытындылай келіп, тақтаға өз түжырымын жазады, оқушылар оны дәптерге көшіреді.

Мұғалім FTP-дің ғылыми-техникалық прогресс сияқты жаһандық үдерістің құрамадас бөлігінің бірі ғана екенін және оны шүғыл жеделдететінін түсіндіреді.

5. Мұғалім оқушыларға окулықтың алғашқы параграфындағы FTP-дің басты бағыттарымен танысады ұсынады.

Осыдан кейін мұғалім FTP кезеңдеріне сипаттама береді:

1-кезең. 40-жылдардың соны мен 50-жылдар — электронды технология дамуының басталуы: транзистордың, микросхемалардың ойлап шығарылуы.

2-кезең. 50—60-жылдар — ғарыш дәуірінің басталуы.

Алдын ала тапсырмаларды айтуды: оқушылардың осы кезеңдері адам факторының маңызды көрсеткіші ретінде Ю.А.Гагарин туралы ауызша рефераты.

3-кезең. 70-жылдардың екінші жартысы — шағын процессорлардың және FTP-дің екінші кезеңінің: ақпараттық немесе телекоммуникациялық революцияның пайда болуы.

6. Мұғалім оқушыларды төрт топқа бөледі (оқушылар әлемнің бөліктегі: онтүстік, солтүстік, шығыс, батыс болып бөлініп, топтар құрады), шағын топтарға жұмыс үйімдестарылады, әрқайсысына жобаны қорғау жөніндегі тапсырма беріледі:

1-top: ақпараттық қогамның сипаттамасы.

2-top: батыс қогамның әлеуметтік стратификациясының мазмұны.

3-top: жаһандастыру үдерісінің сипаттамасы

4-top: жасыл революция құбыльсы

Оқушылар оқу материалын оқып зерттейді, топ жұмыс істеген кезде бәрінің белсененді түрде қатысуына мүмкіндік беретін жағдай жасалуы тиіс, жұмыс нәтижесі бүкіл сыныпқа көрсетіледі.

Мұғалім үшінші дүние елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына сипаттама береді.

### **Рефлексия**

Параграф бойынша сұрақтар мен тапсырмаларды бекіту.

### **Үйге тапсырма**

Параграф материалына қосымша «Үшінші дүние елдерінің экономикалық дамуы мәселелерін шешудің жолдары» деген тақырыпта газет материалын дайындау.

## § 2. Дүниежүзі саяси дамуының ерекшеліктері

### *Сабактың маңсаты*

Соғыстан кейінгі жылдардағы дүниежүзінің мемлекеттік-саяси құрылымының жаңа принциптерін, әл-ауқаттылық мемлекетінің негізгі белгілерін жөне азаматтық қоғам дамуының бағыттарын қарастыру. Оқушылардың шығармашылық ой-өрісін дамыту жөне тұлға ретінде белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

### *Көрнекі құралдар*

Дүниежүзінің саяси картасы.

### *Негізгі ұғымдар*

*Демократиялық социализм* — пролетариат диктатурасы, таптық құрес, жекеменшікті жою, өндіріс құралдарын ортақтастыру жөніндегі ережені теріске шыгаратын ілім.

*Диктатура* — шектеусіз билік, мемлекетте билікті демократиялық емес тәсілдермен жүзеге асыру.

*Геосаясат* — мемлекет саясаты, негізінен, сыртқы саясат, географиялық факторлармен айқындалатын тұжырымдама.

*Конверсия* — соғыс жүргізу үшін елде техникалық жөне өндірістік құралдарды барынша қолдану.

*Реконверсия* — экономиканы бейбіт арналарға көшіру.

*Сепаратизм* — бөлінуге, оқшаулануға ұмтылу.

### *Сабактың барысы*

1. Тапсырмалармен карточкалар бойынша жазбаша (ірікте) жұмыс істеу.

— Батыс қоғамының әлеуметтік стратификациясы.

— Үшінші дүние елдерінің әлеуметтік дамуы.

— Соғыстан кейінгі дүние елдерінің экономикасындағы бірігу үдерістері неден көрінді?

*Жалпылама сұрақ қою:*

— XX ғасырдың орта түсінде бірінші дүниені қандай елдер құрады?

— XX ғасырдың орта түсінде екінші дүниені қандай елдер құрады?

— XX ғасырдың орта түсінде үшінші дүниені қандай елдер құрады?

- FTP кезендерін атаңдар.
  - Ақпараттық қоғам белгілерін көрсетіндер.
2. Үйге берілген тапсырманы пысықтау.
- Бүкіл ғаламшардың біртұтас жаһандық экономикалық жүйеге айналуын сендер қалай түсінесіндер?
3. Жаңа тақырыпты түсіндіру.
- 1. Мұғалім сабак тақырыбын тақтага жазады. Сабак мақсатын белгілейді және тақырыпты қысқаша таныстырады.
  - 2. Мұғалім оқушыларды жаңа тақырыпты игеруге дайындауды, оларға сұрақтар қояды:
    1. Конверсия үдерісін сендер қалай түсінесіндер?
    2. Кері конверсия үдерісі қандай?
    3. Ұлт мемшігіне алу үдерісі нені білдіреді?
    4. Арасынан сендер қалай түсінесіндер?  - 4. Мұғалім оқушылардың жауаптарын қорытындылайды және Батыс қоғамының соғыстан кейінгі дамуына түсінкітеме береді.
- Содан кейін Еуропалық социал-демократияның **демократиялық социализм** ұстанымына көшуінің себептерін түсіндіреді. Осы саяси ағымның мазмұнына түсінік береді.
5. Мұғалім арасынан артықшылығын және оның жұмыс істеуін, сондай-ақ даулы мәселелерді шешудегі төреші ретіндегі мемлекеттің рөлін, әл-ауқаттылық **мемлекетінің** қалыптасуын түсіндіреді.
6. Оқушылар дәптерлеріне төмендегіні көшіріп жазады.
- Социализмнің скандинавтық немесе шведтік моделінің** белгілері:
- тиімділігі жоғары экономика жасау;
  - өлеуметтік қамсыздандырудың дамыған жүйесін жасау;
  - халықтың мәдениеттілігі мен білімділігінің жоғары деңгейі;
  - бүкілхалықтың жұмысқа қамтылуын қамтамасыз ету;
  - кедейлікті жою.

7. Мұғалім Батыс елдеріндегі жаңа консервативті толқынның және либералдық-демократиялық режимдер орнатылуының себептерін түсіндіреді.

8. Мұғалім оқушылардың тақырып бойынша параграф мәтінімен жұмыс істеуін, «Азаматтық қоғам қалай дамыды?» — деген сұраққа жауап қайтаруын талап етеді.

9. Мұғалім үйге берілген тапсырманы пысықтайды:  
Параграфты оқып шығып, кестені толтыру керек:

Сипаттамалар	Капиталистік бағдардағы елдер	Социалистік бағдардағы елдер
Режім		
Реформалар		
Саяси күштер басымдығы		
Армиялар жағдайы		

10. Мұғалім дүниежүзіндегі жаңа геосаяси жағдайды түсіндіреді:

- 1) КСРО-ның және Шығыс Еуропадағы социалистік елдер блогы ыдырауды;
- 2) Батыста Біріккен Германия құрылды;
- 3) ҚХР, Вьетнам, Лаос және Камбоджа нарықтық өзгерістер жолына түсті;
- 4) АҚШ-тың дүниежүзіндегі аса ірі державалардың біріне айналуы.

### ***Рефлексия***

Геосаяси жағдайдың өзгеруіне байланысты 90-жылдар Батыстың Шығысқа ықпалы күштейген уақыт болды.

Мұғалім «Қазіргі заманың жаһандық мәселелері» деген №3-сабакқа алдын ала тапсырма ретінде рефераттар тақырыптарын бөледі:

1. Жаңа дүниежүзілік соғысқа жол бермей, бейбітшілікті сақтау.
2. Экологиялық мәселе.

3. Демографиялық мәселе.
4. Азық-түлік мәселесі.
5. Шикізат және энергетика мәселесі.
6. Халықаралық терроризм мәселесі.

### § 3. Қазіргі заманың жаһандық мәселелері

#### ***Сабактың мақсаты***

Қазіргі заманың жаһандық мәселелері пайда болуының себептерін және оларды жою жолдарын анықтау. Оқушылардың шығармашылық ой-өрісін дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

#### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.
3. Бейнепроектор және рефераттармен таныстырыу.

#### ***Негізгі үсүмдәр***

*Жаһандық мәселелер* — бүкіл адамзаттың өмірлік мүдделеріне қатысты және оны шешу үшін дүниежүзілік қоғамдастық ауқымындағы келісілген іс-қимылдар жасауды қажет ететін мәселелер.

*Демография* — осы үдерістің қоғамдық-тарихи жағдайында халық көбеюінің занылыштары туралы ғылым.

*Демографиялық дұмпу* — халықтың күрт көбеюі.

*Демографиялық дағдарыс* — бала тууының төмендеуі.

*Өндіріс диверсификациясы* — шаруашылық қызметінің жана салаларға тарауы (өнім түрлерінің, көрсетілетін қызмет турлерінің көбеюі және т.б.).

#### ***Сабактың барысы***

1. Үйге берілген тапсырманы қайталау.  
Кестені тексеру.
2. Такырыпты пысықтау.  
Батыс пен Шығыс елдерінің саяси дамуының ерекшеліктерін атандар.
3. Жаңа материалды оқып үйрену.
1. Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабак мақсатын белгілейді және айтады.

Мұғалім міндет белгілейді: рефераттарды тыңдал, әрбір жаһандық мәселе бойынша пікір жазу, сол мәселелердің пайда болуының себептерін анықтау.

4. «Қазіргі заманың жаһандық мәселелері» деген тақырып бойынша рефераттар қорғау.

Мектеп оқушылары дайындаған бейнематериалдармен үштастырылады, дәптерлерге ақпараттар түртіліп алынаады.

*Экологиялық мәселе мыналардан көрінеді:*

- коршаған ортаның ластануы — жаһандық жылу — климаттың өзгеруі — жылыжай эффектісі;
- 1992 жыл — Рио-де-Жанейродагы Біріншідүниежүзілік экологиялық конференция — климаттың өзгеруі туралы Шектеулі конвенцияның және биологиялық алуан түрлілік жөніндегі Конвенцияның қабылдануы;
- 1997 жыл — Киота хаттамасы, ол бойынша 6 негізгі жылыжай газдарының атмосфераға шығарылатын көлемін азайту қажет.

*Демографиялық мәселе:*

- дамушы елдердегі демографиялық дүмпу;
- Батьыс елдеріндегі демографиялық дағдарыс, ұлттың картайоюы.

*Азық-түлік мәселесі:*

- құнарлы ауыл шаруашылығы жерлерінің мүмкіндігін арттыруды;
- ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы өндірісін жетілдірілуін қажет етеді.

*Шикізат және энергетика мәселелері:*

- экономиканың табиғи ресурстарға төуелділігін кеміту мақсаттарында оны ақпараттық, энергия үнемдейтін және ғылымды көп керек ететін салалар бағытында дамытуды;
- өндеу өнеркәсібі өнімін диверсификациялауды;
- жаңа технологияларды пайдалануға көшуді талап етеді.

*Халықаралық терроризм мәселесі:*

- терроризм — қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік тұрақсыздығының нәтижесі;
- 2005 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 60-сессиясында терроризм мәселелерінің талқылануы.

5. Мұғалімнің оқушыларға қоятын сұрағы:  
Сонымен қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің пайда болуының басты себептері қандай?

- ғылыми-техникалық үдерістің жоғары қарқыны;
- табиғи ресурстар өндірудің жоғары қарқыны;
- күшіейе түсken саяси және мәдени қатынастар, ең жаңа бұқаралық коммуникация құралдары;
- жаһандық техногендік апаттар ықтималдығы арта тусуде;
- жаппай жою қаруын қолдану қатерінің артуы.

### ***Рефлексия***

1. Жаһандық мәселелер өзара байланысты.
2. Адамзат тағдыры және жер бетіндегі тіршіліктің сақталуы, қазіргі заманғы жаһандық мәселелердің шешілуй-не байланысты.

### ***Үйге тапсырма***

3-параграфты қайталау, параграфтың сонындағы сұраптарға жауап қайтару.

Оқушыларға жекелеген тапсырмалар беру: НАТО, Варшава шарты.

### ***II тарау. 1945—2011 жылдардағы халықаралық қатынастар***

#### ***§ 4. 40-жылдардың екінші жартысы мен 50-жылдардағы халықаралық қатынастар***

##### ***Сабактың мақсаты***

Соғыстан кейінгі дүниеде қарама-қарсылықтың үдеуі, «қырғықабақ соғыстың» жариялануы және дүниежүзінде биполярлық жүйенің қалыптасуы себептерін анықтай.

##### ***Көрнекі құралдар***

Дүниежүзінің саяси картасы.

##### ***Негізгі ұғымдар***

Доктрина — ілім, теория, теориялық немесе саяси қағида.

Инвестиция — қаржы салымы.

Конфронтация — қарсы тұру.

*Халықтық демократия елдері* — кеңестік үлгіден өзгеше социализм үлгісін орнатқан Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа мемлекеттері.

### ***Негізгі оқиғалар***

**1946—1991** жж. — «Қырғызбак соғыстың» хронологиялық кезеңі.

**1947** ж. — БҮҮ Бас Ассамблеясының соғысты насихаттауды айшптастын қарапы.

**1947** ж. — Инвестициялар бөлу туралы Трумэн доктринасы мен Маршалл жоспары қабылданды.

**1949** ж. — Экономикалық өзара көмек Кеңесі құрылды.

**1949** ж. — Солтүстік-атлантикалық өскери-саяси одак құру туралы шарт (НАТО) жасалды.

**1955** ж. — Варшава Шартына қол қойылды.

**1961** ж. — Блоктарға қосылмау қозғалысы рәсімделді (Ленинград).

### ***Сабактың барысы***

1. Үйге берілген тапсырманы қайталау.

— параграфқа берілген сұрақтарға оқушылардың жауап беруі;

— терминологиялық диктант.

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтага жазады. Сабак мақсаттарын белгілейді және түсіндіреді.

3. Мұғалім БҮҮ құрылғаны туралы әңгімелейді.

БҮҮ-ның басты органдарында: *БҮҮ Бас Ассамблеясы, Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және әлеуметтік кеңес, Қамірлық жасау жөніндегі кеңес, Халықаралық сот және хатышылық*.

4. Соғыстан кейінгі дүниедегі негізгі оқиғалардың кестесін жасау, оларға түсініктемелер беру:

Жылдар	Оқиға	Нәтиже
1	2	3
1945 ж., 25 сәуір	БҮҮ құрылды	Дүниежүзінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау

1	2	3
1946 ж.	Кремль доктринасы	Сталиннің капиталистік елдермен бейбіт қатар өмір сүрудің мүмкін емес екені атап көрсетілген сөзі
1947 ж.	БҮҮ Бас Ассамблеясының соғысты насихаттауды айыптайтын қаралы қабылданды	Бейбітшілікті сақтау үшін маңызды қадам
1947 ж., 12 наурыз	Трумэн доктринасы	Грекия мен Түркия үшін қаржы салымдарын бөлу
1947 ж., 5 маусым	Маршалл жоспары	Соғыстан зардал шеккен Батыс Еуропаның 16 еліне көмек көрсету 1948—1951 жылдары іске асырылды
1948—1949 жж.	Берлин дағдарысы	Германияның екі мемлекетке бөлінуімен аяқталды
1949 ж., қантар	Экономикалық өзара көмек Кенесінің құрылуы	Мақсат: оған кірген елдер арасындағы біркелкі, тен-қүкүйкты және өзара тиімді ынтымактастықты дамыту
1949 ж., 4 сөүір	Солтүстік-атлантикалық шартқа (НАТО) колойылды	Батыс елдерінің КСРО-ға қарсы ашық конфронтациясы
1951 ж.	АНЗЮС өскери-саяси блогының құрылуы	Тынық мұхит аймағына: Австралияға, Жаңа Зеландияға, АҚШ-қа арналған шарт
1954 ж.	СЕАТО құрылды	Англия, Франция, Австралия, Жаңа Зеландия, Филиппин, Тайланд және Пәкстан өкілдерінің Филиппинде Манила қаласындағы кездесуінің нәтижелері бойынша Оңтүстік-Шығыс Азияны корғау туралы шарты

### **Жалгасы**

<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>
1955 ж., 14 мамыр	Варшава құрылуды	Шартының Социалистік мемлекеттердің әскери-саяси одағы халықаралық аренада саяси тепе- тендік орнатылуында ма- нызды рөл атқарды
1955 ж.	Бағдат пактісіне кол қою	Оған Англия, Турция, Ирак, Иран, Пәкстан кірді
1955 ж.	Бейбіт қатар өмір сүрудің 10 принципі жарияланды	Бандунгта (Индонезия) Азия мен Африкадағы 29 ел конференциясы болып өтті
1961 ж.	Белградтағы конференция	Блоктарға қосылмау қозғалысы дербес қозғалыс ретінде қалыптасты

### ***Рефлексия***

1. XX ғасырдың 40-жылдарының сонында және 50-жылдардың бас кезінде дүниежүзінде қандай әскери-саяси блоктар құрылды?
2. «Қыргиқабақ соғыс» және «биполярлық дүние» ұғымдары нені білдіреді?

### ***Үйге тапсырма***

4-параграфты оқып, сонында берілген сұрақтарға жауап беру.

### **§ 5. XX ғасырдың 60-жылдары мен 80-жылдардың бірінші жартысындағы халықаралық қатынастар**

#### ***Сабактың мақсаты***

XX ғасырдың 60-жылдары мен және 80-жылдарының бірінші жартысындағы халықаралық қатынастардағы ерекшеліктер мен қайшылықтарды анықтау.

#### ***Көрнекі құралдар***

Дүниежүзінің саяси картасы, әртурлі энциклопедиялар.

## ***Негізгі ұғымдар***

Пацифизм — зорлық-зомбылық жасамау, ынтымақ және жалпыға бірдей бейбітшілік мұраттарына негізделген дүниетаным.

## ***Негізгі оқиғалар***

**1969 ж.** — КСРО Министрлер Кенесінің Төрағасы

А. Косыгиннің ҚХР Мемлекеттік Кенесінің премьер-министрі Чжоу Эньлаймен кездесуі. Дүниежүзілік соғысқа жол берілмеуі.

**1972—1974 жж.** — Зымыранға қарсы қорғаныс жүйелерін (ЗҚҚ) шектеу туралы шартқа және стратегиялық шабуыл қаруларын шектеуге байланысты кейбір шаралар туралы уақытша келісімге (СҚШ-1) қол қойылды.

**1975 ж., 1 тамыз** — Еуропадағы 33 мемлекеттің, сондай-ақ АҚШ-пен Канаданың Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі (Хельсинкідегі) кенесі.

**1979 ж.** — Стратегиялық шабуыл қаруларын шектеу туралы шарт (СҚШ-2).

**1979 ж.** — Ауғанстанға Кенес өскер контингентінің енгізілуі.

**1983 ж.** — Рейганның ұзақ мерзімді бағдарламасы — Стратегиялық қорғаныс бастамасы (СҚБ).

## ***Сабактың барысы***

1. Үйге берілген тапсырманы қайталау.

— оқушылардың параграфқа берілген сұрақтарға жауап қайтаруын қадағалау.

2. Жаңа материалды түсіндіру.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабак мақсаттарын белгілейді және айтады. Мұғалім оқушыларға әнциклопедиядағы мақалалардың алфавит бойынша берілетіндігін ескертеді. Әнциклопедияның “К” өрпінен “Кариб дағдарысы” мақаласын аламыз.

3. Мұғалім Кариб дағдарысының себептері мен басты оқиғалары жайында әнгімелейді.

4. Оқулық мәтінімен жұмыс істеу.

60—70-жылдардағы кенес-қытай, кенес-американ қатынастарын салыстыру.

5. Одан кейін мұғалім қарусыздану және ядролық қаруға тыйым салу мәселелері мен халықаралық шиеленісті бәсендетуге қарай жасалған бетбұрыс жайында өңгімелейді.

6. Шығыс пен Батыс арасындағы қатынастардың шиеленісуі. Бәсендетудің сөтсіздікке ұшаратылуы және АҚШ-тың «қыргықабақ соғыста» жеңіске жету бағыты. Ауганстанға әскерлердің енгізілуі.

7. Әлемдегі пацифистік пигылдың күшею себептері.

### ***Рефлексия***

Халықаралық шиеленісті бәсендетуде бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысы қандай рөл атқарды?

### ***Үйге тапсырма***

5-параграфты оқып, параграф сонындағы сұрақтарға жауап беру.

## **§ 6. ХХ ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысы мен XXI ғасырдың бас кезіндегі халықаралық қатынастар**

### ***Сабактың маңсаты***

ХХ ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысындағы — XXI ғасырдың бас кезіндегі халықаралық қатынастардағы негізгі үрдістер мен үдерістерді қарастыру. Оқушылардың логикалық ой-өрісін дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстаннымын қалыптастыру.

### ***Көрнекі құралдар***

Дүниежүзінің саяси картасы.

### ***Негізгі ұғымдар***

Жаңа саяси ой — халықаралық қатынастарға КСРО-ның Батысқа біржақты шегіністер жасауына негізделетін саяси көзқарастары.

### ***Негізгі оқиғалар***

1957 ж. — Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың (ЕЭҚ) құрылуы.

1967 ж. — Оңтүстік-Шығыс Азияда Оңтүстік-Шығыс

*Азия мемлекеттері ассоциациясы* құрылды.

**1987 ж.** — Орта және жақын қашықтыққа үштегін ректаларды жою туралы шартқа қол қойылды.

**1989 ж.** — Кеңес өскерлері Ауғанстаннан өкетілді.

**1990 ж., тамыз** — Кувейтке карсы Ирак басқыншылығы.

**1990 ж., қараша** — Еуропадағы дағдылы қарулы құштер туралы шартқа қол қойылды — ол әрбір тарап қаруының ақылға сыйымды жеткіліктілігі негізінде екі одақ арасында тепе-тендік орнатты.

**1991 ж., көктем** — ЭӨК пен ВШҮ-ның ресми түрде таратылуы.

**1991 ж., маусым** — Словения мен Хорватияның федерация құрамынан шығуы және егемендік жариялануы.

**1991 ж., шілде** — Стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту туралы шартқа (СПҚ) қол қойылды — кеңес және американ ядролық қаруладары 7 жыл бойы әрбір тарап үшін 6 мың бірлікке дейін қысқартылатын болды.

**1994—1999 жж.** — НАТО-ның ұлғайтылуы.

**1994 ж.** — Президент Н.Ә.Назарбаев Еуроазиялық Одақ (ЕО) құру идеясын ұсынды.

**1995 ж., қантар** — Кедендей қоғамдық құрылуды, оған Қазақстан, Ресей, Беларусь республикалары қол қойды.

**1995 ж.** — Югославия аумағында екі төуелсіз мемлекет — Серб Республикасы мен Мұсылман-Хорват Федерациясын құру туралы Дейтон келісіміне қол қойылды. Югославия өмір сүруін токтатты.

**1998 ж.** — АҚШ пен Англия «шөлдегі тулкі» деген атаумен Иракқа қарсы өскери операция жүргізді.

**2001 ж., 11 қыркүйек** — Нью-Йорк пен Вашингтондағы аса ірі террорлық әрекеттер.

**2001 ж., маусым** — Қазақстанның, Қытайдың, Қырғызстанның, Ресейдің, Өзбекстанның, Тәжікстанның қатысуымен Шанхай ынтымақтастық үйімін (ШІҮ) құру туралы Декларацияға

қол қойылды.

## 2010 ж., желтоқсан — Астана қаласында ЕҚЫҰ-ның кезекті саммиті өтті

### ***Сабактың барысы***

1. Уйге берілген тапсырманы қайталау.

— хронологиялық диктант (өткен сабактарда өтілген маңызды оқиғалар бойынша).

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабак мақсатын белгілейді және айтады.

3. Мұғалім кеңес-американ сұхбатының қайта басталғаны жайында әңгімелейді.

1985 жылы Женевада жоғары дәрежелі кеңес-американ қатынастарының, 1986 жылы Рейкьявикте, 1987 жылы Вашингтонда және 1988 жылы Мәскеуде ядролық қаруды шектеу мәселелері талқыланды. Дж. Буштың Мәскеуге сапары. ЭОК және ВШҰ таратылды. Шығыс Еуропа елдерінің НАТО-ға кіруге үмтүлүү.

4. Оқулық мәтінімен жұмыс істеу.

Дүниежүзіндегі бірігу үдерістерінің мәні неде?

- 1948 ж. Латын Америкасындағы 29 мемлекет және АҚШ Америка мемлекеттері үйімyn құрды.
- 1949 ж. Еуропалық кеңес құрылды.
- 1951 ж. Еуропалық көмір мен болат бірлестігі құрылды.
- 1957 ж. Еуропалық экономикалық қоғамдастық (ЕЭҚ) құрылды.
- 1963 ж. Африка бірлігінің үйімьы құрылды.
- 1975 ж. «Улкен жетіллік» кездесуі басталды — 2002 ж. Ресейдің қосылуы — «Улкен сегіздік».
- 1989 ж. Азия-Тынық мұхит экономикалық кеңесі құрылды.
- 1992 ж. Уағдаластықтардың үш кешені: экономика, сыртқы саясат және қауіпсіздік пен әділет бойынша Маастрихт келісімдеріне (Голландия) қол қойылды.

— 2000 ж. Душанбеде «Шанхай бестігі» мемлекеттерінің басшылары кездесті.

5. Алдын ала тапсырма. Оқушының «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бірігу бастамалары» деген тақырыптағы баяндамасы.

### ***Рефлексия***

— Халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі нeden көрінді?

— Көпполлярлы дүние нобайлары қандай болды?

### ***Үйге тапсырма***

6-параграфты оқып, параграфқа берілген сұрақтарды қайталау.

## **ІІІ тарау. АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ**

### **§ 7. Америка Құрама Штаттары 1945—1960 жылдарда**

#### ***Сабактың мақсаты***

АҚШ-тың жетекші дүниежүзілік держава ретіндегі ұстанымын қарастыру. Оқушылардың логикалық ой-өрісін дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

#### ***Көрnekі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

#### ***Негізгі ұғымдар***

*Дискриминация* — нәсіл, ұлт, жыныс, мемлекетке қарастылық белгілері және т.б. бойынша адамдардың, ұйымдардың немесе мемлекеттердің құқықтарын қасақана шектеу немесе айыру.

*Сегрегация* — нәсілдік кемсітушліктің бір түрі, ол «өні қара халықты» ақ нәсілді халықтан күштеп бөлу, бір жерде тұруға, бір көліктеге жүргуге, ойын-сауық және демалыс орындарына бірге баруға тыйым салу дегенді білдіреді.

#### ***Негізгі оқиғалар***

- 1944—1946 жж.** — «Солдаттық билль» немесе жұмыспен қамту туралы зан.
- 1947 ж.** — Кәсіподактардың күккүйтариш шектейтін Тафт-Хартли заны.
- 1950 ж.** — Маккарэн-Вуд заны немесе ішкі қауіпсіздік туралы зан қабылданды, ол бойынша үкімет сенімсіз деп санайтын ұйымдар Әділет миnistрлігінде бұлдіруші ұйымдар ретінде тіркелуге тиіс болды.
- 1952 ж.** — Маккарэн-Уолтер заны немесе иммиграция және азаматтық зан.
- 1950—1953 жж.** — Маккартизм.

### ***Сабактың барысы***

1. Үйге берілген тапсырманы қайталау.  
Нұскалар бойынша жаэбаша жұмыс:  
*1-нұсқа.* ВШҰ және ӘӨК таратылуы халықаралық қатынастардың өрбүіне қалай ықпал етті?
  2. Жаңа материалды оқып үйрену.  
\*Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабак мақсаттарын белгілейді және айтады.
  3. Мұғалім Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ өз әлеуетін соғыс жылдарында күштейткен дүниежүзіндегі бірден-бір ірі ел болғанын атап көрсетеді.
- Мұғалім топтардағы жұмысты «селдір ара» өдісі бойынша ұйымдастырады: құрылған топтар, алдымен нақты материалды оқып үйренеді, содан соң әрбір топта окушылар (бұл жағдайда), 1-ден 6-ға дейін есептеліп (жұмыс істейтін топтардың саны бойынша), 1-, 2- және т. т. топтар құрады. Жаңа топтарда әрбір окушы оқып үйренген материалын ортаға салады, содан соң окушылар бастапқы топтарға қайта оралып, жаңадан құрылған топтарда не нөрсені естіп, білгені жайында айтады.

Топтарға арналған тапсырмалар:

Заңның мақсаты және оның қоғам үшін мәні.

1-топ: Тафт-Хартли заны, 1947 ж.

2-топ: Маккарэн-Вуд заны, 1950 ж.

3-топ: Маккарэн-Уолтер заны, 1952 ж.

4-топ: Маккартизм, 1950—1953 жж.

5-топ: «Икемді тепе-тендік» туралы зан, XX ғасырдың 50-жылдары.

6-топ: Жер банкінің бағдарламасы, XX ғасырдың 50-жылдары.

4. Мұғалім АҚШ-тагы екіпартиялы саяси жүйені баяндай келе оқушыларға тәмендегі кестені толтыратады.

Президенттер	Президенттер Қай партия- га мүшесі	және олардың қызметі Билікте болған жылдары	Ішкі саясаты	Сыртқы саясаты
Нәтижелері				

### ***Рефлексия***

XX ғасырдың 50—60-жылдарындағы АҚШ-тың ішкі саясатындағы оншыл консервативтік көріністерді қандай факторлар дәлелдейді?

### ***Үйге тапсырма***

7-параграф материалдарын оқу.

## **§ 8. Америка Құрама Штаттары 1960—2011 жылдарда**

### ***Сабактың мақсаты***

АҚШ-тың өлемдегі жетекші мемлекет ретіндегі ұстанымын қарастыру. Оқушылардың логикалық ой-өрісін дамыту. Оқушының белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.

2. БАҚ материалдары.

### ***Негізгі ұғымдар***

Доктрина — ілім, негізгі ұстаным.

Импичмент — жоғарылауазымды адамдарды жауапқа тартудың және қызметінен алудың айрықша тәртібі.

Инфляция — қағаз ақшаны тым көп шығарудың салдары.

нан ақша айналымы саласының қағаз ақшага тым толып кетуі.

*Модернизация* — индустриялық қоғамға өту үдерісі.

### ***Негізгі оқиғалар***

1972 ж. — «Уотергейт ісі».

1979 ж. — Стратегиялық шабуыл қаруларын шектеу туралы кеңес-американ (СҚШ-2) шартты.

1983 ж. — Стратегиялық қорғаныс бастамалары.

### ***Сабактың барысы***

1. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тәқырыбын тақтаға жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

2. Мұғалім оқушылардың жаңа материалды оқып үйрену барысында, кеесте толтыру жұмысын үйлемдас-

Президент	Партияга қатыстырылған	Президенттік жылдары	Ішкі бағыт	Сыртқы бағыт
Тұжырым:				

3. Мұғалім оқиғаларды белгілі бір ретпен ең маңыздысынан бастап маңызы азына қарай орналастыруды үснады.

**Тапсырма.** Америка президенттері шешімдерінің дүниежүзілік жүртшылық және бейбітшілікті қорғау үшін маңызын көрсету.

4. Мұғалім 90-жылдардағы американ-қазақ қатынастарын түсіндіреді.

1994 жылды Вашингтонда демократиялық әріптестік туралы Хартия қабылданған болатын, ол Қазақстан мен АҚШ арасында тен құқықты қатынас орнатты.

1997 жылды Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың АҚШ-қа сапары кезінде **Экономикалық әріптестік бағдарламасына** қол қойылды.

2010 жылды 1-2 желтоқсан аралығында Астана қаласында өткен ЕҚЫҰ-ның кезекті саммитіне АҚШ-тың

мемлекеттік хатшысы Х.Клинтон келіп қатысты.

АҚШ пен Қазақстан арасындағы қатынас нығайып және дамып келеді.

### ***Рефлексия***

ХХ ғасырдың екінші жартысындаға Америка президенттері саясатының қайшылығы неде?

### ***Үйге тапсырма***

8-параграф материалдарын қайталау.

Алдыңғы болатын сабакқа арналған реферат тақырыбы: “Солтүстік Ирландиядағы саяси дағдарыс”.

## **IV тарau. БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ЕУРОПА ЕЛДЕРІ**

### **§ 9. Ұлыбритания**

#### ***Сабактың маңызы***

Материалды оқып үйрену барысында лейбористер мен консерваторлар саясатының ортақ және ерекше белгілерін анықтау. Оқушының жеке белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

#### ***Көрнекі құралдар***

Дүниежүзінің саяси картасы.

#### ***Негізгі ұғымдар***

**Ұлт менишігіне алу** — жекеменшік кәсіпорындардың және экономика салаларының мемлекет менишігіне өтуі.

**Жекешелендіру** — мемлекеттік немесе муниципалдық мүлікті ақыға немесе тегін жеке адамдардың немесе ұжымдардың менишігіне беруі.

#### ***Негізгі оқиғалар***

**1974—1979 жж.** — «Өлеуметтік контракт» бағдарламасы.

**1979—1990 жж.** — Маргарэт Тэтчер билік жүргізген кезең. Тэтчеризм.

#### ***Сабактың барысы***

1. Үй тапсырмасын қайталау.

Тақтаға оқиғалар және олардың даталары жазылады.

## Сәйкестендіріндер:

1. Соғыстан кейінгі атом	—	1. Дж. Кеннеди
дипломатиясы саясатын		
жариялаған АҚШ президенті	—	2. Демократтар
2. Жер банкі бағдарламасын	—	3. Трумэн
қабылдаған		
3. Икемді көңіл бөлу	—	4. Республикашылдар
Доктринасын жариялаған	—	5. Республикашылдар
4. Үотергейт жанжалына	—	
киліктірген		
5. Маккартизм саясатын	—	
жүргізгендер	—	
6. 1971 жылы	—	6. Р. Рейган
«жана экономикалық саясатты»		
жариялаған президент	—	
7. Мемлекеттің экономикаға		
араласуына қол жеткізілуі және		
әлеуметтік қажеттерге бөлінетін		
каржының қысқартылуы өз есімімен		
байланысты президент	—	7. Никсон
8. СҚБ бағдарламасы	—	8. 1997 ж.
қабылданған жыл		
9. Қазақстан мен АҚШ		
арасындағы экономикалық		
әріптестік бағдарламасы		
қабылданған жыл	—	9. 1983 ж.

**Жауабы:** 1—3; 2—5; 3—1; 4—4; 5—2; 6—7; 7—6; 8—9; 9—8.

**2. Жана материалды оқып үйрену.**

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабак мақсаттарын белгілейді және тақырыпты түсіндіреді.

**3. Мұғалім Ұлыбританияның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі экономикалық жағдайы жайында әңгімелейді.**

**4. Мұғалім оқулық мәтінімен жұмыс істеуді ұйымдастырады. Оқушылар төмендегі сұрақтарға жауап қайтаруға тиіс:**

**1. Лейбористердің соғыстан кейінгі сайлауда женіске жетуін қалай түсіндіруге болады?**

2. Лейбористер саясатының басты мазмұны қандай?
3. Консерваторлар билік жүргізген кезеңнің айырмашылығы неде?

5. 1964 жылы билікке лейбористер қайтып оралды. Олардың билік жүргізу кезінде елде экономика жанданды, өлеуметтік сипаттағы шаралар жүзеге асырылды.

1970 жылы консерваторлық партия жеңіске жетті, жаңа өкіметті Эдуард Хит басқарды. 1971 жылы «Өнеркәсіптегі қатынастар туралы» Зан қабылданып, жұмысшы және кәсіподак қозғалысы бакылауға алынды.

6. Оқушының «Солтүстік Ирландиядағы саяси дағдарыс» атты рефераты.

7. 1974—1979 жж. — лейбористер билік жүргізген жылдар — «Өлеуметтік контракт» бағдарламасы — кәсіподактар мен үкімет арасында тепе-тең шартты қатынастар орнауы.

1979 жылы сайлауда Маргарет Тэтчер басқарған консерваторлар жеңіске жетті. Мемлекеттік кәсіпорындардың жекешелендірілуі жарияланды. Саясат тәтчериzm деп аталды.

1982 жылы ереуіл жасау құқығын шектейтін «Жұмыспен қамту туралы» Зан қабылданы.

1982 жылы Англия Фолкленд аралдары үшін Аргентина мен соғыс бастады.

1990 жылы Тэтчер орнынан түсіп, билік басына Джон Мейдженор келді. Шағын кәсіпкерлікті қолдау. Шағын кәсіпкерлік хартиясы қабылданы.

1997 жылы билік басына Тони Блэр бастаған лейбористер келді.

1999 жылы лордтар палатасының реформасы өзірленді, онда пәрліктің мұраға қалдырылуы бөлінді. Солтүстік Ирландия бойынша үш жақты бейбіт шартқа қол қойылды. 1999 жылдан бастап Ұлыбританияның Ресеймен қарым-қатынасының нашарлауы байқалды.

2007 жылы Блэрді Гордон Браун ауыстырыды.

### **Рефлексия**

Лейбористер мен консерваторлардың ішкі саясатындағы ортақ және ерекше белгілерді анықтаңдар.

### **Үйге тапсырма**

9-параграфқа берілген сұрақтармен жұмыс. Мұғалім келесі сабакқа алдын ала тапсырмалар береді.

## § 10. Франция

### **Сабактың мақсаты**

Францияда соғыстан кейінгі жылдары тұрмыстың қандай болғанын оқып үйрену. Оқушылардың логикалық ой-өрісін дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанимын қалыптастыру.

### **Көрнекі құралдар**

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

### **Негізгі ұғымдар**

*Атлантизм* — өз негізіне Атлант аймағы елдерінің мұдделері мен тағдырларының ортақтығы туралы қағида алынған идеялық-саяси тұжырымдама, «қырғиқабақ соғыс» жылдарында тараған.

*Авторитаризм* — билік бір адамның немесе бір билік органының қолында шоғырланатын саяси режім.

*Интеграция* — ұлттық шаруашылықтарды біріктіру, келісілген мемлекетаралық экономикалық саясат жүргізу үдерісі.

*Репрессия* — мемлекеттік органдар қолданатын жазалау шарасы.

### **Негізгі оқиғалар**

**1946—1958 жж.** — Төртінші республика жылдары.

**1958 ж.** — Бесінші республиканың орнатылуы.

### **Сабактың барысы**

1. Параграфқа берілген сұрақтар бойынша үй тапсырмасын қайталау.

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

\*Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабак мақсаттарын белгілейді және баяндайды.

3. Мұғалім жаңа материал оқып үйренуді «ток-шоу» өдісін пайдалана үйымдастырады. Жаңа материалдың өз бөлігін күні бұрын дайындаған оқушылар тақырыпты өнгімелейді. Мұғалім жүргізуші ретінде сұрақтар беріп, жаңа материалды талқылауға бүкіл сынныпты қатыстырады.

Оқушылар баяндайтын мәселелер:

- «голльшілер» саясатының ерекшеліктері.
- Саяси жүйенің өзгеруі. Төртінші республика.
- Бесінші республика.
- Францияның соғыстан кейінгі жылдардағы отарлық саясаты.

— Франция 80—90-жылдардың сонында, қазіргі кезеңде.

Мұғалім өздері дайындаған мәселелері бойынша сөз сөйлейтін оқушыларға қоятын сұрақтар:

— Соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда ұлт меншігіне алу үдерісінің Франциядан басқа жерлерде де өріс алуын сендер неліктен деп ойлайсыңдар?

— Шарль де Голльдің 1946 жылы орнынан тусуіне не себеп болды?

— Шарль де Голльдің сыртқы саясатындағы стратегиялық бағытын сендер қандай деп санайсыңдар?

— 1968 жылғы мамыр оқиғаларына не себеп болды?

— Жискар д'Эстен өз саясатын неліктен «ойластырылған голлизм» деп атаған?

— ЕӘҚ шеңберінде европалық экю ақша бірлігінің енгізілуі, ел экономикасына қалай өсер етті?

— Миттеран өз саясатын «француз мәнеріндегі социализм» деп неліктен атаған?

— Францияның НАТО-ға белсенді түрде қатысуы кімнің есімімен байланысты?

Неліктен 2009 жылы ел НАТО үйымына қайтып оралды.

Оқушылар сұрақтарды талқылауға қатысады, БАҚ материалдарын пайдаланады.

### ***Рефлексия***

Францияның соғыстан кейінгі жылдардағы өмірінің ерекшелігі және Батыс елдерімен ортак тұстары қандай болды?

### ***Үйге тапсырма***

10-параграф материалдарын қайталау.

## **§ 11. Германия Федеративтік Республикасы**

### ***Сабактың мақсаты***

Германияның соғыстан кейінгі кезеңдегі өмірінің ерекшеліктерін, елдің бөлінуі мен бірігуінің себептерін

қарастыру. Оқушылардың логикалық ой-өрісін дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

### ***Негізгі ұғымдар***

*Оппозиция* — карсы әрекет, қарсыласу, көзқарастардың бір-біріне қарсы болуы.

### ***Негізгі оқиғалар***

**1949** ж. — Германия аумағында ГФР мен ГДР-дің құрылуы.

**1966** ж. — «Үлкен коалиция» құрылуы.

**1990** ж. — Германияның бірігуі.

### ***Сабактың барысы***

1. Үй тапсырмасын жазбаша қайталау: рейганомика, тэтчеризм, голльшілер саясатын салыстыру.

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтага жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және түсіндіреді.

3. Мұғалім оқулық материалдармен оқушылардың жұмыс істеуін үйімдастырады.

— Германияның «экономикалық ғажабына» не себеп болды және оның мән-мақсаты қандай болды?

4. 1966 жыл — Л.Эрхардтың канцлер болуы Батыс Германия экономикасының жандануымен тұспа-тұс келді. 1966 жылы желтоқсанда «Үлкен коалиция» одағы құрылды. Оның негізіне жаһандық реттеу саясаты алғынды. Вилли Брандттың билік жүргізуі ГФР-дің КСРО-мен қатынastарын қалпына келтіруді көздейтін «Жаңа Шығыс саясатының» жариялануы. 1974 жыл билік басына Гельмут Шмидтің келуі. 1974—1976 жж. елдеңі экономикалық дағдарыс. Батыс Еуропа аумағына американың «Першинг-2» зымырандары мен қанатты зымырандарын орналастыру.

5. Жазбаша тапсырма.

Германияда жаңа консерватизм неден байқалды?

6. «Екі Германияның бірігүй» рефератын қорғау.
7. «Германия қазіргі кезеңде» деген газет материалымен жұмыс істеу.

### ***Рефлексия***

Германияның бөлінуі мен бірігүінің себептері.

### ***Үйге тапсырма***

11-параграфқа берілген сұрақтармен жұмыс жасау.

## **§ 12. Италия**

### ***Сабактың мақсаты***

Италияның соғыстан кейінгі дамуының ерекшеліктерін оқып үйрену. Оқушылардың логикалық ой өрісін дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

### ***Негізгі ұғымдар***

*Олигархия* — «азшылықтардың билігі», шағын әлеуметтік топтың саяси және экономикалық үстемдігі.

### ***Негізгі оқиғалар***

1947 ж. — Италияның республика болып жариялануы.

### ***Сабактың барысы***

1. Параграфқа берілген сұрақтар бойынша, үй тапсырмасын қайталау.

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім тақырыпты тақтаға жазады. Сабак мақсаттарын белгілейді және айтады.

3. Мұғалімнің өнгімесі.

Фашистер талқандалғаннан кейін Италияда үлкен өзгерістер болды. Референдум, Құрылтай жиналышына сайлау өткізілді. 1947 жылғы желтоқсанда жаңа Конституция қабылданды. Италия жаңа республика болып жарияланды. 1948 жылғы көктемде бірінші респубикалық парламентке сайлау өткізді. Христиандық

демократтар женіске жетті. 1948 жылғы маусым айында Италия Маршалл жоспарын қабылдау жөніндегі келісімге қол қойды, американ көмегімен «экономикалық тажап» деп аталған экономиканың даму үдерісінің жеделдетілуіне жәрдемдесті. Өнеркәсіп ұлт меншігіне алынды. Италия дүниежүзіндегі жоғары дамыған елдердің біріне айналды. Басты қайшылық олигархтардың арта түсіп келе жатқан байлығы мен елдің қалған халқының тұрмыс деңгейі арасындағы орасан зор алшактық болды. Сыртқы саяси бағыт АҚШ-қа бағдарланды, ел аумағында өскери базалар орналастырылды. 1946 жылы құрылған жанафашистік партия «Италия өлеуметтік қозғалысы» 50-жылдардың сонында өз қызметін жандандырыды. Коммунистер мен көсіподақтардың бастамасымен антифашистік демонстрациялар басталды.

1962 жылы демократ А.Фанфани солшыл орталық үкіметін құрып, оған ХДП, социал-демократтар, республикашылдар өкілдері кірді. Жиі құлдыраулар мен дағдарыстар байқалды. Антифашисттер қызметі 1969 жылы күрт күшейді, елде террор, прогрессіл қайраткерлерге қастандық жасау және оларды өлтіру толқыны етек алды.

#### 4. Алдын ала тапсырма.

«Альдо Мороны ұрлап өкету» деген тақырыптағы реферат.

5. 1992—1994 жж. — судья Ди Пьетро басшылық еткен «Таза қол» науқаны. 2 мыңнан астам шенеунік сот арқылы кудаланды. Мұның өзі билік дағдарысын туғызды.

Оқулық мәтінімен жұмыс істеу.

**Тапсырма.** Елде XX ғасырдың 90-жылдарында қандай оқиғалар болды?

6. Италияның қазіргі кездегі дамуы. Оқулық мәтінімен және БАҚ материалдарымен жұмыс істеу. Оқушылар 5—6 топқа бөлінеді. АЗ пішіміндегі қағаздың параптарына әрбір топ флипчарт (газет немесе акпарат парагын) дайындаиды. Газеттерден қыындылар жасалып, оқулық мәтінінен үзін-ділдер жазылады. Әрбір топ өз флипчартын бір минут ішінде коргайды.

## ***Рефлексия***

Италияның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі дамуында қандай жаңа ерекшеліктер пайда болды.

## ***Үйге тапсырма***

12-параграф материалдарын оқу.

V тарау. ЖАПОНИЯ. КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

### **§ 13. Жапония**

#### ***Сабактың маңсаты***

Жапонияның соғыстан кейінгі дамуына тән белгілер мен ерекшеліктерді оқып үйрену. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

#### ***Көрnekі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

#### ***Негізгі ұғымдар***

Егемендік — мемлекеттердің ішкі істерде және сыртқы қарым-қатынастарда басқа мемлекеттерден төуелсіз болуы.

#### ***Негізгі оқиғалар***

- 1945 ж., 2 қыркүйек — Жапонияның сөзсіз жеңілісі туралы акті.
- 1952 ж., сәуір — Сан-Франциско бейбіт шарты басқыншылық режімді жойды.
- 1966 ж. — Жапония Тының мұхит кенесіне кірді.
- 1992 ж. — Жапония мен Қазақстан Республикасы арасында дипломатиялық қатынас орнатылды.
- 2004 ж. — «Жеке көсіпкерлік үшін мүмкіндіктерді реттеу мен ашу реформалары» атты үш жылдық жоспардың қабылдануы.

#### ***Сабактың барысы***

1. Үй тапсырмасын қайталау.

Тапсырма. «Оқиғаны толықтыру»:

1. Италия ..... жылды республика болып жарияланды.

2. 1948 жылғы көктемде ..... сайлауы өткізілді.
3. 1962 жылы христиандық демократ А.Фанфани ..... құрды.
4. Батыстың барлық елдері ..... жылдардағы дағдарысқа үшіннеді.
5. 1978 жылы ХДП төрағасы ..... үрлап өкетілді.
6. 1992 жылдан 1994 жылға дейін Италияда судья Ди Пьетроның басшылығымен ..... науқаны жүргізілді.
7. 2001 жылғы 13 мамырда болып өткен сайлауда .... жаңа одағы жеңіске жетті.

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтага жазады. Сабак мақсаттарын белгілейді және түсіндіріп өтеді.

3. Мұғалім жаңа материалды «дөңгелек үстел» принципі бойынша ұйымдастырады. Бес оқушы өздерінің сөйлейтін сөздерін оқулық материалдары мен БАҚ материалдарына сүйене отырып, күні бұрын дайындауды. Оқушылардың бәрі дайындалған тақырыптарын талқылау ынғайлы болатындей болып жайғасады.

#### **Оқушылардың сөздері:**

- Жапония басқыншылық режим жағдайында;
- Жапониядағы «Экономикалық ғажап»;
- Жапонияның әлеуметтік-экономикалық дамуы;
- Жапонияның соғыстан кейінгі ішкі саяси дамуы;
- Жапонияның сыртқы саясаты;
- Саяси партиялар мен олардың қызметі.

#### **Мұғалімнің сұрақтары:**

- 1) Жапонияның Конституция бойынша конституциялық монархия болғаны мөлім, елдегі ең жоғары билік кімнің қолында болды?
- 2) Сан-Францискода қол қойылған 1951 жылғы шартта не көзделді?
- 3) Жапонияның соғыстан кейінгі экономикалық дамуына тән басты ерекшеліктер қандай?
- 4) Соғыстан кейін құрылған либералдық-демократиялық партия кімнің мүдделерін білдірді?
- 5) Жапонияда көппартиялық жүйені қандай партиялар құрды?

- 6) АҚШ-тың сыртқы саяси бағытына еру Жапонияның сыртқы саясаты үшін нені білдірді?
  - 7) Жапонияның КСРО-мен қатынастары қалай қалыптасты?
  - 8) Жапонияның Солтүстік Кореямен қатынастары қандай?
4. Оқушылар сұрақтарды талқылауға қатысады.

### ***Рефлексия***

Жапонияның соғыстан кейінгі кезенде және қазіргі кезенде дамуының ерекшеліктері.

### ***Үйге тапсырма***

13-параграф. БАҚ материалдарымен жұмыс.

## **§ 14. Корея Республикасы**

### ***Сабактың мақсаты***

Кореяның бөліну себептерін анықтау және Корея Республикасының экономиканы жаңғыруға ерекшеліктерін оқып үйрену. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

### ***Негізгі ұғымдар***

Конфронтация — қарсы тұру, курсу.

Индустриаландыру — ірі машина жасаудың өндірісін құру үдерісі, экономикада өнеркәсіптік өндіріс үлесін елеулі арттыру.

### ***Негізгі оқигалар***

**1950—1953 жж.** — Кореядағы соғыс.

**1960 ж., сәуір** — Ли Сын Манның тақтан бас тартуы, елдегі Сәуір революциясы.

**1961 ж., 15-16 мамыр** — Елдегі мемлекеттік өскери төңкеріс.

**1971 ж.** — Жаңа деревня жолындағы қозғалыс.

**ХХ ғасырдың 90-жылдары** — Оңтүстік Корея жаңа индустриялы елдер арасында жетекші орындардың біріне орнықты.

### ***Сабактың барысы***

1. Уй тапсырмасын қайталау.

«Айқындаманы анықта» әдісін пайдалана отырып, оқушылар үш топқа бөлінеді. Әр топ өз айқында масын қорғайды, дәлелдер келтіреді, айқында маларды талқылау барысында белгілі бір тұжырым жасалады.

**1-айқында ма:** Жапония экономикасының жоғары деңгейде дамуы тек АҚШ-тың көмегі мен қолдауы арқасында мүмкін болды.

**2-айқында ма:** Жапония экономикасының жоғары деңгейде дамуы тек өз ресурстарының көмегімен мүмкін болды.

**3-айқында ма:** Жапония экономикасының жоғары деңгейде дамуы АҚШ-тың көмегі мен қолдауының және өз ресурстарын дұрыс пайдаланудың арқасында мүмкін болды.

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және түсіндіреді.

1945 жылды тамыз айында Кореяны 38-параллельдің солтүстік жағын Кенес Армиясы азат етті, американ әскерлері Кореяның оңтүстігіне 1945 жылғы қыркүйекте түсірілді. 38-параллель Корей тубегінің аймағында Жапон қарулы күштерін тұтқындау мен қарузызданду үшін келген кенес және американ әскерлерінің арасын бөліп тұратын шеп болады деп белгіленді.

Екі Корей мемлекеттері арасында қарсы өрекет басталды. 1950 жылғы 25 маусымда КХДР әскери өрекеттерді бірінші болып бастап, Оңтүстік Корея астанасы Сеулді басып алды және оңтүстікке қарай одан әрі жылжыды. Мұның өзі жанжалға АҚШ-тың араласуына әкеліп соқты. Қауіпсіздік Кенесі Оңтүстік Кореяға көмек көрсету жөнінде шешім қабылдады.

3. Мұғалім оқулықтың отіліп отырған тақырып материалдарымен оқушылардың жұмыс істеуін үйімдастырады.

**Тапсырма.** Оқулықтағы мәтінді оқып, Оңтүстік Корея үкіметі елдің экономикалық даму деңгейін арттыру үшін қолданған шараларды дәптерге көшіріп жазу.

Тұжырым: 90-жылдары Оңтүстік Корея жаңа индустриялы елдер арасында жетекші орындардың бірінде болды.

4. Мұғалім «Оңтүстік Кореяның ішкі саяси дамуы» атты материал жайында әңгімелейді.

1952 жылы Ли Сын Ман ел президенті болып сайланды. 1954 жылы Конституцияға тузетулер енгізіліп, президентке шексіз құқықтар берілді. 1955 жылы оппозициялық демократиялық партия құрылды. 1958 жылы Ли Сын Ман авторитарлық режим орнатты. Елде үкіметке қарсы қозғалыс күшейді. 1960 жылғы 27 сөуірде ол орнынан алынды. Бұл оқиғалар Оңтүстік Корея тарихына «Сөуір революциясы» деген атпен енді. 1961 жылғы мамырдың 15-нен 16-на қараган түнде мемлекеттік әскери төңкеріс болды, оны генерал-майор Пак Чон Хи басқарды. 1960—1980 жылдардағы кезеңге басқарудың әскери түрі тән болды. 1972 жылғы қарашада Корея Республикасының Жаңа Конституциясы күшіне енді. 1972 жылғы желтоқсанда Пак Чон Хи президент болып сайланды, бірақ 1979 жылғы 26 қазанда ол өлтірілді. Президент сайлауда Ро Да У жеңіске жетті. 1993 жылы ол сайлауда жеңіліп, елдің жаңа басшысы Ким Ен Сам болды.

### ***Рефлексия***

Корея Республикасының экономикалық жаңаруының ерекшеліктерін көрсетіңдер.

### ***Үйге тапсырма***

14-параграф материалдарын қайталау.

## **VI тарau. КЕҢДЕСТІК СОЦИАЛИСТИК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫ. ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫГЫ**

### **§ 15. 40-жылдардың ортасы мен 50-жылдардың басындағы КСРО**

#### ***Сабактың мақсаты***

Кеңес қоғамының өміріндегі соғыстан кейінгі кезеңдегі қарама-қайшы үдерістерді қарау. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстаннымын қалыптастыру.

## ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. КСРО-ның картасы.
3. БАҚ материалдары.

## ***Негізгі ұғымдар***

*Репатриация* — әскери тұтқындардың, босқындардың, әммигранттардың еліне оралуы.

## ***Негізгі оқиғалар***

**1946—1950 жж.** — IV бесжылдық жоспар.

**1947 ж.** — Карточкалық жүйенің жойылуы және ақша реформасының жүргізілуі.

**1952 ж.** — Дәрігерлер ісі.

**1953 ж., 5 наурыз** — Сталиннің қайтыс болуы.

## ***Сабактың барысы***

1. Үйге берілген тапсырманы қайталау.

Тексеру жұмысы:

**1-нұсқа.** Батыс елдерінің соғыстан кейінгі кезеңдегі экономикалық дамуының ерекшеліктерін салыстыру.

**2-нұсқа.** Батыс елдерінің соғыстан кейінгі кезеңдегі саяси дамуының ерекшеліктерін салыстыру.

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және тақырыпты қысқаша түсіндіреді.

3. Мұғалім кеңес қоғамының соғыстан кейінгі кезеңде дамуының «негізгі қайшылықтарының бағаналарын» жасауды ұсынады.

Он үдерістер	Теріс үдерістер
1	2
1. Өнімнің аса маңызды түрлері тез өсті	1. Техниканың едөуір бөлігі жарамсыз күйде болды
2. Партияның 1947 жылғы пленумы ауыл шаруашылығын өрге бастиру туралы мәселе талқылады	2. «Қырғықабақ соғысқа» байланысты орасан көп каржы әскери өндірісті дамытуға пайдаланылды

1	2
3. 1950 жылға таман жалпы өнім өсімі көбейді	3. Қала тұрғындары тұрмысы ауыл есебінен жақсады
4. Білім мен ғылымның дамуы	4. Ғылыми қызметкерлер санының көбейін
5. Түрлі аймақтарда көркем-сурет академияларының, ғылым академияларының құрылуы	5. Жазалау өрекеттерінің, жалған істердің жалғасуы

4. Сталин қайтыс болғаннан кейінгі ел дамуының перспективалары: бұрынғы бағытты одан әрі жүргізу; жалпы саяси бағытты сактай отырып, біршама демократияландыру; бұрынғы саяси бағытты толық өзгерту.

### ***Рефлексия***

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда қандай өзгерістер болды?

### ***Үйге тапсырма***

15-параграф материалдарын оқу.

## **§ 16. 50-жылдардың ортасы мен 60-жылдардың бірінші жартысындағы кеңес қоғамы**

### ***Сабактың мақсаты***

Хрушевтік «жылымық» кезеңінде ел дамуындағы жетістіктер мен кемшіліктерді қарастыру. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік ұстымын қалыптастыру.

### ***Көрnekі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. КСРО-ның картасы.
3. БАҚ материалдары.

### ***Негізгі ұғымдар***

*Волюнтаризм* — саясат бір адамның еркіне толық тәуелді болатын саяси үйым.

*Реформа* — өзгерту, түрлендіру.

### ***Негізгі оқиғалар***

- 1953 ж., қыркүйек — Н.Хрущевтің КОКП ОҚ бірінші хатшысы болып сайлануы.
- 1954 ж. — Тың жерлерді игерудің басталуы.
- 1956 ж. — КОКП XX съезі, Сталиннің жекебасына та-бынушылықтың айыппалуы.
- 1957 ж., мамыр — «Өнеркәсіп пен құрылышты басқару ісін ұйымдастыруды одан өрі жетілдіру ту-ралы» Зан қабылданды, халық шаруашылы-ғы кенесі енгізілді.
- 1961 ж., 12 сәуір — Ю.Гагариннің ғарышқа үшүү.
- 1961 ж. — КОКП XXII съезі партияның жаңа бағдарла-масын қабылдады.
- 1962 ж. — Новочеркассқідең халық бұкарасының толқуы.

### ***Сабактың барысы***

1. 15-параграфқа берілген сұрақтар бойынша үй тапсырмасын қайталау.

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және тақырыпты қысқаша түсіндіріп өтеді.

3. Мұғалімнің әңгімесі.

Сталин қайтыс болғаннан кейін билік туралы өзекті мәселе қойылды. Берияның билігі күшіе түсті, өзіне қолдау жасауын қамтамасыз ету үшін ол үлт кадрлары мен өз адамдарының жоғарылауына жәрдемдесе бастады. Берияға қарсы қастандықты Хрущев өз міндетіне алды, ол Г.Жуковтың Мәскеуге қайта оралуына қол жеткізді. 10 шілдеде Берия ағылшын шпионы және халық жауы ретінде қамауға алынды.

1953 жылғы қыркүйекте КОКП ОҚ пленумы Н.С.Хрущевті КОКП ОҚ-ның бірінші хатшысы етіп сайлады.

Мұғалім оқушыларға сұрақтар қойып, оларды тақырыпты оқып үйренуге жұмылдырады:

— XX ғасырдың 50-жылдарында елдің ауыл шаруашылығы қандай күйде болды?

— ауыл шаруашылығын өрге бастыру үшін қандай шаралар қолдану керек болды?

— Осы шаралардың ең маңыздыларын бөліп көрсетіндер.

Оқушылар ауыл шаруашылығын өрге бастыру жөніндегі шараларды дәптерлеріне жазады:

\* ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу бағаларын арттыру;

\* ұжымшар мүшелерінің еңбегіне ақы төлеуді енгізу;

\* қарыздарды есептен шығарып тастау және үй жанындағы жер телімдерінен алынатын салықтарды төмендету;

\* үй малының өсірілуін көтермелейу;

\* енбек нәтижелеріне ұжымшар мүшелерінің мүдделігін арттыру;

\* ауыл шаруашылығына бөлінетін мемлекеттік демеу қаржыны арттыру;

\* ұжымшар мүшелерін техникамен қамтамасыз ету;

\* ауыл шаруашылығын техникамен нығайту.

Пленум өз жұмысын ауыл шаруашылығы мәселелеріне арнады. Осы мәселеге байланысты шаралардың барлығы жүзеге асырыла бастады. Алайда бұл өзгерістердің барлығы нәтижені біраз өткен соң ғана беретін болды. Елде дәнді-дақылдарға деген қажеттілік өте күшті болды. Н.Хрушев 13 млн га тың жерді игеру есебінен егістіктерді дереу үлгайтуды талап етті. Жарамды жерлер Қазақстан, Оңтүстік Сібір, Вольга өнірі, Урал, Солтүстік Кавказ аумақтарында болды. Сол жерлердің ең жарамдысы Қазақстанда еді.

4. Мұғалім тың жердің игерілуі туралы бейнесюжет көрсетеді.

Тың жерді игерудің алғашқы нәтижелері сенім ұяллатты. 5 жылдың ішінде 42 млн га тың жер игерілді. Ауыл шаруашылығы өнімінің өсімі 1954 — 1958 жылдары өткен бесжылдықпен салыстырғанда 34 пайыз болды.

5. Мұғалім оқулық материалдарымен оқушылардың жұмыс істеуін үйімдастырады.

Оқушылар оқулықтағы материалды оқып, тәмендегі сұрақтарға жауап қайтарады.

— Үкімет 50-жылдары әлеуметтік-экономикалық салада қандай шаралар колданды?

— «Жүгері жырына» және Новочеркасск оқиғаларына түсінкітеме беріндер.

6. Параграф мәтінімен жұмыс істеу және жинақтама кесте жасау.

КОКП ХХ съезінің шешімі	КОКП ХХII съезінің шешімі
<ol style="list-style-type: none"><li>Сталиннің жекебасына табынушылықты өшкөрелеу.</li><li>Жазалау шаралары үшін айыпты Хрущев Сталинге, Ежовқа, Берияға жүктеді.</li><li>Жазаланғандарды ақтау.</li></ol>	<ol style="list-style-type: none"><li>Партияның жаңа бағдарламасы қабылданды.</li><li>Хрущев коммунизм орнату кезеңін жариялады.</li><li>Коммунизм құрылышсының моральдық кодексін бекіту.</li></ol>

### ***Рефлексия***

Н.С.Хрущевтің партия және ел басшылығындағы билігі қалай нығайды?

Н.С.Хрущевтің басшылығында қандай қайшы үдерістер байқалды?

### ***Үйге тапсырма***

16-параграф материалдарын қайталау. Энциклопедиядағы И.Сталин мен Н.Хрущев туралы материалдармен танысу.

## **§ 17. 60-жылдардың екінші жартысы мен 80-жылдардың бірінші жартысындағы КСРО**

### ***Сабактың мақсаты***

Кеңес қоғамында экономикалық қыншылықтар мен теріс тоқыраушылықтар үдеуінің себептерін зерттеп білу. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

### ***Көрнекі құралдар***

- Дүниежүзінің саяси картасы.
- КСРО картасы.
- БАҚ материалдары.

### ***Негізгі ұғымдар***

*Диссидент* — үстемдік етуші идеологиямен келіспейтін, бөгде ойдағы адам.

### ***Негізгі оқиғалар***

**60—80-жылдар** — дамыған социализм тұжырымдамасы.

**1964 ж., 14 қазан** — КОКП ОК Пленумы Н.С. Хрущевті бірінші хатшы міндептінен босатты.

**1977 ж. — Жаңа Конституция қабылданды (соңғы кеңестік Конституция);**

**1979 ж., желтоқсан — кеңес өскерлері Ауганстанға кіргізілді.**

### ***Сабактың барысы***

1. 16-параграфқа берілген сұрақтар бойынша, үй тапсырмасын қайталау.

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

\* Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

3. Мұғалімнің өнгімесі.

Елде жүргізілген бағыттың салдарынан Н.С.Хрущев қоғамның барлық дерлік топтарында қолдаудан айрылды. 1964 жылғы 14 қазанды КОКП ОК Пленумы Н.С. Хрущевті бірінші хатшы міндеттінен босатты. Партия басшысы мен үкімет басшысы міндеттерін одан әрі ұштастырудың орынсыз екені туралы шешім қабылдады. Партия ОК Бірінші хатшысы болып Л.И.Брежнев, КСРО Министрлер Қеңесінің Төрағасы болып А.Н.Косыгин сайланды.

4. Мұғалім Хрущевтің орнынан түсінің туралы «Сүр қасқырлар» фильмінен бейнесюжет көрсетеді.

5. Топтық жұмыс. Мұғалім сыныпты үш топқа бөліп, өркайсысына тапсырма береді:

*1-ton:* елдің 60—80-жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуы.

*2-ton:* қоғамның 60—80-жылдардағы ішкі саяси дамуы.

*3 ton:* 60—80-жылдардағы сыртқы саясаттың негізгі бағыттары.

Топтардағы жұмыс 10 минутқа созылады, содан соң әр топтан спикер 3 минут сөйлеп, өз мәселесінің мәнін баяндайды, тұжырым жасайды.

### ***Рефлексия***

Кеңес қоғамында экономикалық қыншылықтар мен теріс тоқыраушылықтар үдеуінің себептері неден көрінді?

### ***Үйге тапсырма***

17-параграф материалдарын оқып үйрену.

## § 18. Кеңес Одағы 1985—1991 жылдарда

### ***Сабактың мақсаты***

КСРО-дағы қайта құру кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыстың себептерін зерттеп білу. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. КСРО картасы.
3. БАҚ материалдары.

### ***Негізгі ұғымдар***

**Конфедерация** — конфедерация құратын мемлекеттер өз тәуелсіздігін сақтайдын, өз билік және басқару органдары болатын, белгілі бір мақсаттарда іс-қимылдарды үйлестіру үшін арнаулы біріккен органдар құратын мемлекеттік құрылым формасы.

### ***Негізгі оқиғалар***

- 1985 ж.** — КОКП ОК Пленумы жеделдегу бағытын жариялады.
- 1987 ж.** — Жариялық саясаты және қайта құру тұжырымдамасы жарияланды.
- 1990 ж., көктем-жаз** — «Егемендік парады».
- 1991 ж., 17 наурыз** — Бүкілхалықтық референдум жаңартылған Одақты жақтады.
- 1991 ж., 18—21 тамыз** — ТЖМК-ның мемлекеттік төңкеріс жасау өрекеті.
- 1991 ж., 8 желтоқсан** — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуды.
- 1991 ж., 21 желтоқсан** — Алматыдағы кездесуде ТМД-га 8 республика қосылды.

### ***Сабактың барысы***

1. Үй тапсырмасын қайталау.

### ***Сәйкестендіріндер:***

- |                           |                  |
|---------------------------|------------------|
| 1. IV бесжылдық жоспар    | 1. 1952 ж.       |
| 2. Карточкалық жүйені жою | 2. 1946—1950 жж. |
| 3. Дәрігерлер ici         | 3. 1947 ж.       |

4. Н.С.Хрущевтің КОКП ОК бірінші хатшысы болып сайлануы	4. 1964 ж.
5. КСРО-да совнархоздар енгізілуі	5. 1953 ж.
6. Н.С.Хрущевтің орнынан тұсуі	6. 1957 ж.
7. Новочеркассқідегі оқиғалар	7. 1962 ж.
8. Партияның жаңа бағдарламасының қабылдануы	8. 1956 ж.
9. Сталиннің жекебасына табынушылықты айыптау	9. 1961 ж.
10. Ауғанстанға кенес өскерлерінің енгізілуі	10. 1979 ж.

Жауабы: 1—2; 2—3; 3—1; 4—1; 5—6; 6—4; 7—7; 8—9; 9—8; 10—10.

## 2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

## 3. Мұғалімнің әңгімесі.

КОКП ОК-ның 1985 жылғы Наурыз Пленумы КОКП ОК-ның бірінші хатшысы етіп М.С. Горбачевті сыйлады.

4. Мұғалім оқулықтың өтіліп отырған параграфындағы тақырыпшалармен оқушылардың жұмысын ұйымдастырады.

— Жеделдету, қайту құру жөне жариялышқ тұжырымдалары дегеніміз не?

## 5. Мұғалімнің әңгімесі.

1987—1990 жылдарда экономикалық жүйені реформалау басталды, алға жаңа мақсат — нарықтық экономикага өту мақсаты қойылды. Қөсіпорындардың дербестігін шаруашылық-есеп принциптерінде ұлғайту, экономиканың жекеменшік секторын кооперативтік қозғалыс арқылы қалпына келтіру, сыртқы сауда монополиясынан бас тарту, дүниежүзілік рынокқа бірігу көзделді. Шаталин-Явлinskyдің экономиканы кезең-кезеңімен жекешелендіруге негізделген «500 күн» бағдарламасы балама ретіндеге ұсынылды. Жаңа заң шығару базасы қалыптасты. 1989 жылдың сонынан 1991 жылға дейін 100-ден астам заң қабылданды. Экономикалық жағдай одан сайын нашарлай тусти. 1989 жылғы ереуіл қозғалысы басталды. 1987—1988 жылдарда Ферганада, Наманганда, Ош облысында, Сумгаитте, Таулы Қарабакта ұлттық негіздеғі ірі қақтығыстар

болды. 1990 жылғы көктем-жазда «Егемендік парады» басталды: алдымен Балтық республикалары, содан соң басқа да республикалар ұлттық егемендік туралы декларация қабылдады. 1991 жылғы 17 наурыздағы бүкілхалықтық референдум барысында халықтың 76,4 пайызы жаңарған Одақтың сақталуын жақтады. 1991 жылғы 19—21 тамызда ТЖМК бүлік үйімдастырып, жана Одақтық Шартқа қол қойылуын сөтсіздікке ұшыратуға тырысты. Төңкеріс сөтсіз аяқталды.

#### **6. Алдын ала тапсырма.**

Оқушы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуды туралы әнгімелейді.

Оқушылар дәптерлерінде жазу жазады. 1991 жылғы 8 желтоқсанда Беловежск кеңесінде РКФСР, УКСР, БКСР басшылары КСРО-ның таратылғаны және ТМД құрылғаны туралы мәлімдеді.

21 желтоқсанда Алматыда ТМД-ға тағы да 8 республика қосылды.

1995 жылғы 25 желтоқсанда М.С.Горбачев КСРО президенттігі өкілеттігін өзінен рефлексия

#### ***Рефлексия***

КСРО-да жүргізілген реформалардың барлығы неліктен сөтсіз болды?

#### ***Үйге тапсырма***

18-параграф материалдарын қайталау.

### **§ 19. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы**

#### ***Сабактың мақсаты***

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің даму ерекшеліктерінде көз жүгірту. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

#### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

## ***Негізгі оқиғалар***

- 1991 ж., желтоқсан — 1993 ж., қантар** — ТМД органдарының қалыптасуының бірінші кезеңі.
- 1991 ж., желтоқсан — 1993 ж., күз** — ТМД елдерінің экономикалық қатынастарын қалыптастырудың бірінші кезеңі.
- 1992 ж., 27 наурыз** — Алматыда ТМД-ға мүші мемлекеттердің парламентаралық ассамблеясы туралы келісімге қол қойылды.
- 1993 ж., қантар — осы кезге дейін** — ТМД органдары қалыптасуының екінші кезеңі.
- 1993 ж., 22 қантар** — ТМД Жарғысы қабылданды.
- 1993 жылдың соны — 1994 ж., күз** — ТМД елдерінің экономикалық қатынастарын қалыптастырудың екінші кезеңі.
- 1995 ж. — осы кезге дейін** — ТМД елдерінің экономикалық қатынастарын қалыптастырудың үшінші кезеңі.
- 1996 ж.** — Біртұтас білім беру кеңістігін қалыптастыру тұжырымдамасы мақұлданды.
- 2001 ж.** — Тез іске қосылатын ұжымдық күштер құру туралы шешім қабылданды.

## ***Сабактың барысы***

1. Параграфқа берілген сұрақтар бойынша үй тапсырмасын қайталау.

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

3. Мұғалім ТМД құрылымы туралы материалды баяндайды.

ТМД органдарының қалыптасу үдерісі.

*Бірінші кезең:* 1991 ж., желтоқсан — 1993 ж., қантар — ТМД Жарғысына сәйкес саяси үйлестіруші органдар және негізгі мамандандырылған ынтымақтастық органдары құрылды.

*Екінші кезең:* 1993 ж., қантар — осы кезге дейін. ТМД органдарын қалыптастыру 1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматыда басталды. Мемлекет басшыларының Қенесі, үкімет басшыларының қенесі, ортақ әскери-стратегиялық қеңістіктің біріккен қолбасшылығы құрылды. 1992 жылғы

22 наурызда Алматыда ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің парламентаралық ассамблеясы туралы келісімге қол қойылды. 1993 жылғы 22 қаңтарда мемлекет басшыларының Қенесі ТМД жарғысын қабылдады.

4. Мұғалім «Аквариум» өдісін қолданады. Құні бұрын тапсырма алған 4 оқушы сынып ортасында болады, қалған оқушылар оларды айнала орналасады. «Аквариумдағы» оқушылар:

— ТМД елдері арасындағы экономикалық-саяси және әскери өзара қарым-қатынастар;

— Достастық мемлекеттері дамуының ерекшеліктері деген тақырыпта талқылауды бастайды.

Мұғалім мен оқушылар тақырыпты талқылауға қатысады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. ТМД-дағы ең өміршең аймақтық-экономикалық құрылымды атаңдар.

2. Ресей мен Молдованың қарым-қатынастары қай аумаққа қатысты шиеленісті?

3. Ядролық держава ретінде КСРО құқығын кім иеленді?

4. Қай елдің экспортында дайын өнім басым?

5. Өзбекстан экономикасының ерекшеліктерін айтындар.

6. Украина экономикасындағы осал жер.

7. Тәжікстанда, Қыргызстанда, Молдовада тұрмыс деңгейнің төмен болуының басты себебі неде?

8. Кавказ елдері дамуының ерекшеліктері?

Талқылау барысында оқушылар дәптерлеріне естігендерін жазып алып отырады.

### **Рефлексия**

ТМД елдері арасындағы қарым-қатынастар сипаты қандай?

### **Үйге тапсырма**

19-параграф материалдары бойынша жұмыс.

## **§ 20. Ресей Федерациясы 1991—2011 жылдарда**

### ***Сабактың мақсаты***

Ресей Федерациясының аталған кезеңдегі дамуының ерекшеліктері мен қайшылықтарын оқып үйрену. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

### ***Негізгі ұғымдар***

*Федерация* — мемлекет құрамына кіретін федералдық бірліктерде (өлкелерде, штаттарда, республикаларда) өз конституциясы, зан шығарушы, атқарушы, сот органдары болатын мемлекеттік құрылымы нысаны. Федерацияда бірыңғай конституция, мемлекеттік биліктің бірыңғай федералдық органдары жұмыс істейді.

### ***Негізгі оқиғалар***

**1991 ж., 28 қазан** — Ресейдегі тұбебейлі реформа.

**1992—1993 жж.** — Жекешелендірудің бірінші кезеңі.

**1993 ж., 25 сәуір** — Президент бағытын қолдаған референдум.

**1993 ж., 3-4 қазан** — Мәскеудегі оқиғалар.

**1993 ж., 12 желтоқсан** — Федерация Кеңесі мен Мемлекеттік Думаға сайлау және РФ жаңа Конституциясының жобасы бойынша бүкілреспейлік референдум.

**1994 ж.** — Жекешелендірудің екінші кезеңі.

**1999 ж., 31 желтоқсан** — РФ президенті Б.Н.Ельциннің орнынан түсуі.

**2004 ж., 14 наурыз** — РФ президенттігіне В.В.Путинді сайлау.

### ***Сабактың барысы***

1. Үй тапсырмасын қайталау.

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтага жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

3. Мұғалім оқушыларды төрт топқа бөледі (оқушылар біріншіден бесіншіге дейін саналады және үқсас нөмірлер

топ құрады), шағын топтардағы жұмыс үйімдастырылады, әрбір топқа «жобаны қорғау» тапсырмасы беріледі.

*1-top:* Е.Гайдар үкіметінің либералдық реформалар жасау жолы;

*2-top:* Мәскеудегі 1993 жылғы 3-4 қазандығы оқиғалар және олардың зардаптары;

*3-top:* Солтүстік Кавказда ұлтаралық жанжалдардың шиеленісуі;

*4-top:* 90-жылдардың екінші жартысындағы Ресейдің әлеуметтік-экономикалық және ішкі саяси дамуы.

*5-top:* Ресей Федерациясының қазіргі дамуының ерекшеліктері. Оқушылар оқу материалын оқып үйренеді, топтар жұмыс істеген кезде оған барлығының белсенді қатысуына мүмкіндік беретін жағдай жасауға тиіс. Жұмыс нәтижесін бүкіл сыйып алдында топ спикері баяндайды, қалған қатысушылардың қосымшалар жасауына болады.

Мұғалім топтар баяндайтын материалға ең маңызды деген тұжырымдар қосады:

— меншіктің қайта бөлінуі ұлт игілігінің көп бөлігі ел халқының 10%-ның қолында болатын жағдайға әкеліп соқты;

— 1993 жылғы қазанда биліктің екі тармагының: заң шығарушы және атқарушы биліктің жанжалында Ресейде кенес билігінің қалатыны немесе оның рыноктық-либералдық саяси күрылыммен ауыстырылатыны туралы мәселе шешімін тапты;

— Шешен соғысына федералдық өскерлердің Шешенстан-дағы оқиғаларға араласуы себеп болды;

— В.В.Путиннің президенттігі кең көлемді әлеуметтік реформаларға және жасампаздыққа ұласты.

### ***Рефлексия***

Ресейдегі қозғалыстың басты бағыты.

### ***Үйге тапсырма***

20-параграф материалдарын қайталау.

## VII тарау. ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІ

### § 21. 40-жылдардың екінші жартысы мен 50-жылдардағы Орталық және Оңтүстік- Шығыс Еуропа елдері

#### ***Сабактың маңсаты***

Шығыс Еуропадағы халықтық-демократиялық революциялардың және халықтық демократия құрылышының ерекшеліктерін оқып үйрену. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

#### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

#### ***Негізгі ұғымдар***

*Девальвация* — ұлттық валютаның өлдебір шетелдік валютаға, алтынға бағамының төмендеуі.

*Менталитет* — ойлар бейнесі, жеке адамға немесе қоғамдық топқа тән ақыл-ой дағдылары мен рухани ұстанымдар жиынтығы.

*Халықтық демократия елдері* — Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропаның кеңестік модельден өзгеше социализм моделін орнатқан мемлекеттері.

#### ***Негізгі оқиғалар***

**1944—1945 жж.** — Шығыс Еуропа елдеріндегі халықтық-демократиялық революциялар.

**1954 ж., наурыз** — ГДР-ге толық мемлекеттік егемендік беру туралы ГДР мен КСРО арасындағы келісімге қол қойылды.

**1956 ж., 23—29 қазан** — Венгриядағы оқиғалар.

#### ***Сабактың барысы***

1. Үй тапсырмасын қайталау.

Жазбаша жұмыс:

**1-нұсқа.** ТМД-ның құрылуды.

В.Путиннің ішкі және сыртқы саясаты.

**2-нұсқа.** ТМД елдері арасындағы экономикалық және өскери-саяси қатынастар.

Ресей-Қазақстан қатынастары қазіргі кезеңде қалай қалыптасып отыр?

## 2. Жаңа материалды оқып уйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтага жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

## 3. Мұғалімнің әңгімесі.

Фашизмге қарсы ұлт-азаттық куресі Шығыс Еуропа елдеріндегі 1944—1945 жылдардағы халықтық-демократиялық революцияларға ұласты және жаңа құрылым орнады, елдер халықтық демократия елдері деп атала бастады. Ұлттық майдандарда жетекші рөл атқарған компартиялар, ұлттық буржуазия меншігінің ұлт меншігіне алынуын талап ете бастады. Халықтық-демократиялық билік — бірте-бірте социалистік билікке айналатын өтпелі билік деп саналды. Югославия халықтық демократия елдері арасында кеңестік нұсқада социализм орнату жолына алғашқылардың бірі болып түскеніне қарамастан, югослав және кеңес басшылығы арасында күшті жаңжал пайда болды. Федерациялар құрылуды барысында Сталин Югославия жетекші рөл атқара алатын ірі федерация емес, ол екі елді біріктіретін біршама шағын федерациялар құруды және өзінің сыртқы саяси бағытын Мәскеумен келісуді ұсынды. И.Б.Тито бас тартты. Оны информбюро айппатады, Титоны басқа да халықтық демократия елдері айппатады. 50-жылдарда Шығыс Еуропа елдерінде халық шаруашылығында сәйкесіздіктер пайда болды.

4. Мұғалім оқулық материалдары бойынша салыстырмалы кесте жасау жұмысын ұйымдастырады.

Шығыс Еуропа елдері	ГДР	ПХР	ВХР	ЮФХР
1	2	3	4	5
Саяси даму ерекшеліктері	1. Халықтың ГФР-ге қоныс аударуы. 2. ГДР-дің кетіп қалған азаматтар үшін саяси рақымшылық жасауы	1. Құдаланған саясатшылардың, атап айтқанда В. Гомулканың саясатқа қайта оралуы	1. Оппозициялық күштердің күшейі	1. Басшылықтың Мәскеу бағытына толық бағынудан бас тартты

### Жалгасы

1	2	3	4	5
Экономикалық дамудың ерекшеліктері	1. Халықшаруашылығындағы сәйкесіздіктегі жою өрекеттері және халықтың тұрмыс дәреҗесінің артуы	—	—	—
Саясаттагы ортақ ерекшеліктер	1. КСРО-ның ықпалы. 2. Компартиялардың жетекші рөлі. 3. Саяси жазалаулар. 4. Еңбекшілердің режимге карсылық көрсетуі, КСРО-ның араласуы, қозғалыстарды басып-жашшы.			
Экономикадағы ортақ ерекшеліктер	1. Индустримальдыруды жеделдету. 2. Ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың қатаң шарапары. 3. Ауыр және женіл өнеркәсіп арасындағы сәйкесіздік.			

### ***Рефлексия***

Халықтық демократия елдеріндегі 50-жылдардағы саяси дағдарыс себептері.

### ***Үйге тапсырма***

21-параграф сұрақтарына жауап өзірлеу.

### **§ 22. 50-жылдардың соңы мен 80-жылдардың бас кезіндегі Шығыс Еуропа елдері**

#### ***Сабактың маңыстары***

Халықтық демократия елдеріндегі 50—80-жылдардағы өзгерістерді қарастыру. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

## **Көрнекі құралдар**

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

## **Негізгі ұғымдар**

**Санкция** — мемлекет өзінің халықаралық міндеттесмелерін немесе халықаралық құқық нормаларын бұзған кезде, оларға қолданылатын өсер ету шаралары.

**Унификация** — өлдебір нәрсені бір жүйеге, үқсас нысанға, бір ізге салу.

## **Негізгі оқиғалар**

**50-жылдардың соны мен 60-жылдардың бас кезі** —

Шығыс Еуропа елдерінде ұжымдастырудың аяқталуы.

**1961 ж., 12-13 тамыз** — Берлин қабыргасының түрғызылуы.

**1968 ж.** — Чехословакиядағы оқиғалар.

**1980 ж.** — Польшадағы саяси дағдарыс.

## **Сабактың барысы**

1. Үй тапсырмасын қайталау.

**Жалпылама сұрақ:**

- Шығыс Еуропа елдеріндегі ұлттық майдандар бағдарламалары нені көздеді?
- Шығыс Еуропа елдерінің саясатындағы ортақ ерекшеліктерді атандар.
- Шығыс Еуропа елдерінің экономикасындағы ортақ ерекшеліктерді атандар.
- 1950—1955 жылдарға арналған халықшаруашылығын дамытудың алтыжылдық жоспарын жүзеге асыруға байланысты Польшадағы оқиғалар қалай өрбіді?

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

3. Мұғалім оқушылардың оқулықпен жұмыс істеуін ұйымдастырады.

Оқушылар төмендегі сұрақтарға жазбаша қысқа жауап береді:

— Шығыс Еуропа елдерінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру қашан және неліктен аяқталды?

— «Социализмге жететін Поляк жолы», «ұлттық түстер», «югославиялық өзін-өзі басқару социализмі» деген анықтамалар нені білдіреді?

— Социалистік рынок дегеніміз не?

4. Алдын ала тапсырма. Оқушы «Прага көктемі» рефера-тын қорғайды. Мұғалім оқушыларға сұрақтар қояды.

— Масаттану А.Дубчекке деген сенімсіздікке неліктен ауысты?

— ЧКП 1968 жылғы жазға таман қоғамдағы жағдайды бақылауын неліктен тоқтатты?

— «Брежнев доктринасы» нені білдірді?

“Ұжымдық жауапкершілік” дегенді қалай түсінесіндер?

## 5. Мұғалімнің әңгімесі.

Болгария мен Румынияда 50-жылдары социализмнің консерваторлық моделі қалыптасты. Болгарияда Живковтың жекебасына табынушылық орнады. Ол болгар экономикасының кеңес экономикасымен бірігуіне жәрдемдесті және дамудың жоғары қарқының және халықтың тұрақты тұрмыс деңгейін сақтады. Румыния жолы одан да асқан консерваторлық жол болды. Чаушеску дамудың авторитарлық моделін қалыптастыру жолымен жүрді, ол ұлттық қайнарларға қайтып оралу деп көрсетілді, бөгде ойды басып-жаншудың қатаң жүйесі қалыптасты. «Секуритате» мемлекет қауіпсіздігі қызыметіне толық іс-қимыл бостандығы берілді. Румынияға АҚШ пен экономикалық қарым-қатынастарда ең көп қолайлылықтар жасау режімі берілді. 1968 жылы Польшада билік пен зияллылар арасында дағдарыс пайда болды. Гомулка үкіметі 1970 жылы желтоқсанда жалақыны өсірмesten көвшілік қолды тауарлар бағасын арттыру туралы шешім қабылдады. Польшаның батыс қаржы салымдарына бағдарлануы ел қарызының апатты түрде өсуіне өкеліп соқты. 1980 жылғы жазда кезекті дағдарыс басталдды. Лех Валенса мен «Солидарность» кәсіподагы басшылық етті. Мемлекеттік Кеңес елде өскери жағдай енгізді. «Солидарность» кәсіподагына тыйым салынды.

## **Рефлексия**

«Адам кейіпіндегі» социализм моделі дегеніміз не?

## **Үйге тапсырма**

22-параграф. Оқулық материалдары мен БАҚ материалдары бойынша «дөңгелек үстел» өткізу жөніндегі тапсырма өзірлеу.

### **§ 23. XX ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдері**

#### ***Сабактың мақсаты***

Социализмнің шығыс-европалық моделі дағдарысының себептерін қарастыру. Логикалық ой-өрісті дамыту. Окупшының жеке белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

#### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

#### ***Негізгі революмдар***

«Барқыт революциясы» — саяси режімді өзгерту тыныш және женіл өтеді.

Демократиялық централизм — социалистік қоғамды басқарудың, компартия мен социалистік мемлекет құрылымы мен қызметтінің принципі екі бастама — демократизм мен централизм бірлігіне негізделген. Демократизм басшы органдардың төменнен жоғарыға дейін сайлануын көздейді, централизм бірыңғай саясат жүргізілуін, жоғары тұрган органдар шешімдерін төменде тұрган органдар үшін міндетті болуын, азшылықтың көпшілікке бағынуын көздейді.

Коалициялық үкімет — бірнеше саяси партиялардың өкілдерінен құрылған үкімет.

#### ***Негізгі оқиғалар***

1986 ж., қыркүйек — саяси ракымшылықтың жариялануы, «Солидарность» кәсіподағы қызметтінің қайта басталуы.

1989 ж.— Н.Чаушеску режимінің құлауы.

1989 ж., қазан — Венгр социалистік жұмысшы партиясы-

ның съезі социалистік-нарықтық экономиканы жақтады.

**1989 ж., 9 қараша** — Берлин қабырғасы құлатылды және ГДР мен ГФР арасындағы шекара ашылды.

**1990 ж., 3 қазан** — ГДР мен ГФР-дің бірігүі.

**1992 ж., сәуір,** — Сербия мен Черногория жана мемлекет — Югославия Одақтық Республикасының құрылғанын жариялады.

**1992 ж., 31 желтоқсан,** — Чехословакияның Словак Республикасы мен Чех Республикасына бөлінуі.

### ***Сабактың барысы***

1. Үй тапсырмасын қайталау.

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

3. Мұғалім кіріспе өнгіме үйымдастырады.

— Қайта құру дегеніміз не?

— Қайта құру тұжырымын кім және қашан ұсынды?

— Қайта құруға байланысты КСРО-да қандай шаралар жүргізілді?

— Қайта құрудың барысында саяси өмірде қандай өзгерістер болды?

### ***Жаңа материалды түсіндіру***

80-жылдардың екінші жартысында Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдері дағдарыс жағдайында болды. «Социализмді жаңарту» жолында қозғалыс өріс алды. Генерал В.Ярузельский оппозициямен байланыс жасау жолдарын іздей бастады, католиктік шіркеумен қатынас орнатылды. 1985 жылы В.Ярузельский президент болып сайланды. Саяси рақымшылық нәтижесінде «Солидарность» көсіподагы өз қызыметін жаңартты, коммунистік емес партиялармен одақтасты, сойтіп, компартия азшылықта қалды. Поляк Халық Республикасының орнына дүниежүзінің саяси картасында Речь Посполитая Польска (Польша Республикасы) пайда болды. Экономиканы ту-бегейлі қайту құру жоспары орталықтандырылған экономикадан нарықтық экономикаға тез көшуді көзdedі және «есенгірету терапиясы» деп аталды, бағаларға бақылау жойылды және жалакы бірқалыпта сақталды. Мұның өзі нарықтың тұрақтануына жеткізді.

Венгрияда 1989 жылы Венгрияның парламенттік демократияға өтуі туралы келіссөз басталды. 1990 жылы Мемлекеттік жиналышқа сайлауда нарықтық қатынасқа көшүді жақтаған Венгрия Демократиялық Форумы женіске жетті. 1990 жылы Арпад Гёнц президенттікке сайланды.

4. Мұғалім жаңа материалды «дөнгелек үстел» принципі бойынша оқып үйренуін ұйымдастырады. Алты оқушы оқулық материалы мен БАҚ материалдарын пайдалана отырып, әрқайсысы өз сұрағына жауап дайындайды.

### ***Сөйлейтін сөздер тақырыптары:***

- \* ГДР-дің ГФР құрамына кіруі
- \* Чех және Словак Республикаларының құрылуы
- \* Болгариядағы саяси дағдарыс
- \* Чаушеску режимінің құлатылуы
- \* ЮСФР-дің ыдырауы
- \* Шығыс Еуропа елдеріндегі қазіргі жағдай

### ***Мұғалімнің қосынша сұрақтары:***

- Немістер ГФР-ге неліктен кетті?
- Чехословакияда коалициялық үкімет құрудың себептері?
- Болгарияда демократиялық социализм орнату туралы шешім қабылдануына байланысты онда қандай өзгерістер болады деп болжанды?
- Ерлі-зайыпты Чаушескулер ісін сотта қараудың және оларды дарға асу барысында қандай саяси нормалар бұзылды?
- Бұрынғы Югославия аумағында өскери әрекеттердің басталуына қандай оқиғалар себеп болды?
- Шығыс Еуропа елдерінде нарықтық қатынастарға қындықпен көшудің себептерін көрсетіндер.

### ***Рефлексия***

Шығыс Еуропада орын алған 80—90-жылдардағы оқиғалар неліктен «Барқыт революциясы» деп аталған?

### ***Үйге тапсырма***

23-параграф материалдарына әзірлік.

## § 24. 1946—1976 жылдардағы Қытай

### ***Сабактың маңсаты***

Қытай дамуының негізгі бағыттарын қарастыру. Логикалық ой-өрісті дамыту. Окүшінің жеке белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

### ***Негізгі үеымдар***

Азаматтық соғыс — бір елдің азаматтары арасындағы соғыс.

### ***Негізгі оқиғалар***

- 1949 ж., 1 қазан — Қытай Халық Республикасы құрылды.
- 1950 ж. — Аграрлық реформа туралы заң — помещиктік жер иелігін жою.
- 1949 — 1952 жж. — Демократиялық халық диктатурасы.
- 1953—1957 жж. — Бірінші бесжылдық жоспар.
- 1954 ж. — ҚХР Конституциясы қабылданды.
- 1958—1960 жж. — «Ұлкен секіріс» саясаты.
- 1966—1976 жж. — «Мәдени революция».
- 1966—1969 жж. — «Мәдени революцияның» бірінші кезеңі.
- 1969 — 1973 жж. — «Мәдени революцияның» екінші кезеңі.
- 1973 — 1976 жж. — «Мәдени революцияның» үшінші кезеңі.

### ***Сабактың барысы***

1. Үй тапсырмасын қайталау.

### ***Жазбаша тапсырма:***

1-нұсқа. КСРО-дағы қайта құру Шығыс Еуропада қайта құру үдерістерін неліктен туғызды?

2-нұсқа. Социализмнің шығыс Еуропалық моделінің дағдарысы неден көрінді?

## 2. Жана материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабақ тақырыбын тақтаға жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

3. Мұғалімнің азаматтық соғыстың аяқталғаны және Қытай Халық Республикасының құрылғаны туралы өңгімесі. Оқушылар дәптерлеріне ҚХР-дің құрылған күні туралы мәлімет жазып алады. Мао Цзэдунның пікірі бойынша елде «жана демократия құру» бірінші кезектегі міндетке айналып отыр, ол «демократиялық халық диктатурасы» деп көрсетіліп, оның өзі жұмысшы табының КПК арқылы жүзеге асырылатын басшылық рөлі жағдайындағы шаруалардан бастап ұлттық буржуазияға дейінгі халықтың қалың топтарын білдірді. Мао Цзэдун КСРО-дан көмек сұрап, Кеңес Одағы Қытайға сан миллиондық несие берді. Аграрлық реформа қабылданып, ол бойынша жерге помещиктік мешіткік жойылды. Елде жазалау өрекеттері жүргізілді. Жоғары оқу орындарында Мао Цзэдун еңбектері оқытылды.

1952 жылдың жаңа басты бағыт — кеңестік модель бойынша социалистік өзгерістерге көшу ұсынылды. 1956 жылдың көктеміне таман шаруалардың кооперациялануы және өнеркәсіп пен саудадағы жеке секторды қайта құру аяқталды. 1954 жылды Конституция мемлекеттің социалистік сипаттың орнындырды. Үкімет мемлекеттік әкімшілік кеңес деп аталатын болды. 1956 жылды Мао «еркін мінбер» жариялады, тәртіп пен билік жөнінде әркім өз пікірін айта алатын болды. Бірақ 1957 жылды Мао Цзэдун мұндай мінбердің оппозицияның «арам шебін» анықтау, содан соң жұлып тастау үшін қажет болғанын жариялады.

4. Мұғалім оқулық материалдарымен жұмыс үйімдастырады. «Улкен секіріс» саясатын қарай отырып, мұғалім оқушыларды екі топқа бөлінуді ұсынады. Бір топ оқулық мәтінінен Мао Цзэдунның осы саясаты мен ұстанымның пайдасына дәлелдер, ал екінші топ саясатқа және Мао Цзэдунға қарсы дәлелдер іздел табады. Талқылау 5 минутке дейін созылады. Мұғалім «жақтайтын» және «қарсы шығатын» дәлелдерді тақтаға жазады.

## 5. Оқулық мәтінімен жұмыс одан әрі жалғастырылады.

**Тапсырма.** «Мәдени революцияның» үш кезеңінің әрқайсысының сипаттамасын дәптерге жазу.

<b>Кезең</b>	<b>Жылдар</b>	<b>Сипаттама</b>
Бірінші	1966—1969 жж.	<p>1. «Мәдени революцияның» ең жойқын кезеңі. Оппозицияны жазалау үшін хунвейбиндер қзаофандар отрядтары пайдаланылды. Ойран салулар мен жазалаулар басталды. Партия мен билік органдары жойылды және ревкомдар күрьелди.</p> <p>Мектептер мен жогары оқу орындарында сабактар тоқтады. Өнеркесін пен ауыл шаруашылығында күлдірау басталды</p>
Екінші	1969—1973 жж.	«Радикалдар» мен «прагматиктер» арасындағы күрес шиеленісті. «Прагматиктер» женіске жетті. Экономикада еңбекке қарай бөлу элементтері енгізіле бастады, ішінара қалпына келтіру мүмкін болды
Үшінші	1973—1976 жж.	Еңбекшілердің экономикалық мұдделеріне тағы да қысым жасала бастады. Бірақ радикалдар қоғамды тұрақсyzдандыра алмады. Біліктегі адамдарға қарсы саяси науқан басталды. 1976 жылы Мао қайтыс болғаннан кейін Мәдени революция аяқталды

### ***Рефлексия***

Елдегі радикалдық іс-әрекеттердің себептері.

### ***Үйге тапсырма***

24-параграфка берілген сұрақтарға жауап өзірлеу.

Мао Цзэдунның қайтыс болуы және Қытайда реформалардың басталғаны туралы оқушыларға алдын ала тапсырма беріледі.

## **§ 25. Қытай реформалар жолында**

### ***Сабактың маңызы***

«Қытайлық ерекшелігі бар социализмнің» мәнін және Қытайдағы нарықтық қатынастардың ерекшеліктерін

қаастыру. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

### **Көрнекі құралдар**

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

### **Негізгі оқиғалар**

**1978** ж. — «Төрт жаңғырту» бағдарламасы.

**1978** ж.— Жапониямен бейбітшілік және достық туралы шарт.

**1981** ж. — Мао Цзэдунның жекебасына табынушылықты айыптады.

**1982** ж. — Қытайдың жаңа Конституциясының қабылдануы.

**1983** ж. — Дэн Сяопин сыртқы саясаттың жаңа принциптерін қалыптастырды.

**1989** ж. — Қытайда реформалар ең жоғары нөтижеге жеткен кезең.

**1992** ж. — Дэн Сяопиннің социализмді жаңаша түсінуі, қытайлық өзгешелігі бар социализм.

**2001** ж. — Қытай ХВҚ мен Дүниежүзілік банкке, ДСҰға кірді.

### **Сабактың барысы**

1. Үй тапсырмасын қайталау.

Параграфқа берілген сұрақтар бойынша сабакты сұрау.

*1-нұсқа.*

КСРО-дағы қайта құру Шығыс Еуропада қайта құру үдерістерін неліктен туғызды?

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтага жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

3. Мұғалімнің сұрақтары:

— Ел басшылығына Дэн Сяопин неліктен қайтарылды?  
— Қытайда реформалар не үшін керек болды?

4. Мұғалім оқулықтағы мәтінмен жұмысты ұйымдастырады.

Оқушылар оқулық мәтінін оқиды және мұғалім тақтага жазатын сұрақтарға ауызша жауап әзірлейді:

— «Жаңғыртудың төрт бағдарламасы» өзіне нені қамтыды?

— Төрт жаңғыртудың әрқайсысы нені көздеді?

— Жаңғыртулар нәтижесінде қандай қоғам орнатуға тиіс болды?

Оқылған материалды талқылау және тұжырым жасау:

— «Қытайлық ерекшелігі бар социализм» орнату тұжырымдамасы нені білдірді?

5. Мұғалім оқушылармен бірге төмендегі кестені жасау жүмысын үйімдастырады.

Экономикадағы шаралар	Ішкі саясаттағы шаралар	Сыртқы саясаттағы шаралар
1	2	3
<p>1. Жоспарлы экономиканы өзінде жоспарлы экономикасы бар нарықтық экономикамен ұштасатын модельмен ауыстыру.</p> <p>2. Нарықтық реформаларды социализм орнатудан бас тартпастан жүргізу.</p> <p>3. Мемлекеттің елдегі бүкіл шаруашылық бақылауын сақтау.</p> <p>4. Ауылдық коммуналарды тарату, фермерлікті дамыту.</p> <p>5. Кәсіпорындарды шаруашылық есепке көшіру.</p> <p>6. Кооперативтік жөне жекеменшік кәсіпорындар күру.</p> <p>7. Шетелдік капиталдар ушін женілдік рөжімі.</p> <p>8. Экономикалық ашық аймақтар жасау.</p> <p>9. Сыртқы сауданы жандандыру.</p> <p>10. Ауыл шаруашылық өнімін сатып алу бағасын арттыру.</p>	<p>1. Компартияның басшылық рөлін сақтау.</p> <p>2. Жаңа Конституция қабылдау.</p> <p>3. «Социализмнің бастапқы кезеңі» теориясын қабылдау.</p> <p>4. Мемлекетті басқару жүйесінің реформасы.</p> <p>5. Орталықта және жергілікті жерлерде министрліктер мен ведомосталардың және олардағы қызметкерлердің санын 25%-га қысқарту.</p> <p>6. Мемлекеттік аппаратты жасарту.</p> <p>7. Ишкі саясатта қатан бағыт ұстау.</p> <p>8. Басқарудың әкімшіл-әміршілдік стилінен мемлекеттік органдар мен қоғамдық үйімдербес қызметтің есекере отырып, басшылықтың азырақ орталықтандырыл-</p>	<p>1. Дүниежүзіндегі барлық жетекші державалармен дипломатиялық қатынас орнатылды.</p> <p>2. ҚХР сыртқы саясатының жаңа принциптерін қабылдау.</p> <p>3. Үлттық-мемлекеттік принциптердің серіктерді идеологиялық жақындық принципі бойынша тандаудағы көзқарастан басымдығы.</p> <p>4. КСРО-мен, содан кейін Ресеймен қарым-қатынастарды ныгайту.</p> <p>5. Қытайдың Орталық Азия аумағындағы ұстанындарының нығаюы.</p> <p>6. ҚХР мен Қазақстан Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнату.</p> <p>7. Шанхай ынтымактастық үйімьы</p>

1	2	3
<p>11. Нарық элементтерін енгізу.</p> <p>12. Сыртқы саудаға және халықаралық ынтымақтастыққа монополиялық құқықтарды жоу.</p> <p>13. Экономикалық тәселеуіз аймақтар құру.</p> <p>14. Мемлекеттің құнсыздануға қарсы саясаты</p>	<p>ған нысанына бірте-бірте көшү.</p> <p>9. Кадр саясатын жаңғырту.</p> <p>10. Жоғары білікті мамандар даярлау</p>	<p>елдерімен ынтымактасу.</p> <p>8. Қытай мен Жапония арасында бейбітшілік пен достық туралы шартқа қол қою.</p> <p>9. Гонконгтың Қытай құзырына қайтып оралуы.</p> <p>10. Максат — аймақтық-дүниежүзілік державага айналу</p>

### ***Рефлексия***

Қытайдағы нарықтық реформалар табысының себептері неде?

### ***Үйге тапсырма***

25-параграфқа берілген сұрақтармен жұмыс.

БАҚ материалдары бойынша тапсырма: Қытайдың қазіргі кезеңдегі жетістіктері. «Дөңгелек үстел» сабағына тапсырмалар дайындастын бес топқа алдын ала тапсырма. Солтүстік Корея, Оңтүстік Корея, Вьетнам, Лаос, Камбоджа. Оқулық материалы, қосымша әдебиет, БАҚ материалдары пайдаланылады.

## **§ 26. Корей Халық Демократиялық республикасы.**

**Үндіқытай елдері**

### ***Сабактың мақсаты***

«Азиялық социализм моделінің» мәні неде екенін және өрбір ел дамуының ерекшеліктерін қарау. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.
3. Әртүрлі энциклопедиялар.

## ***Негізгі ұғымдар***

Кхмерлер — Камбоджаның негізгі халқы.

## ***Негізгі оқиғалар***

1948 ж., мамыр — Оңтүстік Кореяның құрылуы.

1948 ж., қыркүйек — Солтүстік Кореяның құрылуы.

1954 ж. — Францияның Вьетнам, Лаос, Камбоджа егемендігін тануы.

50—60-жылдар — КХДР-де «чучхе» (дербестілік) идеологиясы өзірленді.

1970 ж. — Камбоджа Кхмер Республикасы деп жарияланды.

1975 ж. — Лаоста монархия құлатылды, Лаос Халық Демократиялық Республикасы (ЛХДР) жарияланды.

1979 ж. — Кампучия Халық Республикасы жарияланды.

1980 ж. — Вьетнам Социалистік Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды.

80-жылдар — ВСР-де «менің үйім» атты жаңарту саясаты жүзеге асырыла бастады.

1986 ж. — Вьетнам коммунистік партиясының съезінде жаңғыртудың қытайлық нұсқасы қабылданды.

1987 ж. — ВСР-де “Шетелдік қаржы салымдары туралы” Заң қабылданды.

1990 ж. — Кампучия Халық Республикасы Камбоджа мемлекеті деп қайта аталды.

1992 ж. — Солтүстік және Оңтүстік Корея Корей түбегін ядросыз аймак деп жариялау туралы бірлескен Декларацияға қол қойды.

1997 ж. — Лаос АСЕАН-ға кірді.

## ***Сабактың барысы***

1. Үй тапсырмасын қайталау.

### ***Жалпылама сұрақ:***

— «Улкен секіріс» саясатын волюнтаристік деп атауға бола ма?

— «Мәдени революцияның» бірінші кезеңінің ерекшеліктері.

— «Мәдени революцияның» екінші кезеңінің ерекшеліктері».

— «Мәдени революцияның» үшінші кезеңінің ерекшеліктері.

- Жаңғырту саясатының мәні.
- Қытайлық ерекшелігі бар социализмнің мәні неде?
- Қытай мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастар қалай қалыптасып келеді?

БАҚ материалдарымен жұмыс. Оқушылар төмендегі сұрақтарға қайтаратын жауаптарында газет материалын пайдаланады:

- Қытайдың қазіргі дамуы қандай?
- Қытайдың Қазақстанмен қарым-қатынасы қалай қалыптасып келеді?
- Қытайдың Шанхай ынтымақтастық үйіміндеғы орны.

## 2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

**3. Мұғалім сынып жұмысын «дөңгелек үстел» принципі бойынша үйымдастырады.**

Оқушылар Солтүстік Корея, Оңтүстік Корея, Вьетнам, Лаос, Камбоджа деген елдерді тақырып қылыш алғып, күні бұрын бес топқа бөлінеді.

Топтардың спикерлері дайындалған материалды баяндайды, топ мүшелері өз спикерлерін толықтыра алады. Оқушылардың дәптерлеріне негізгі оқиғалар, қорытындылар жазылады.

Мұғалімнің сұрақтары:

- Корей Халық Демократиялық Республикасына экономикалық көмек көрсеткен кім?
- «Чучхе» идеологиясының басты мазмұны.
- КХДР-дегі ашаршылық себептері.
- Солтүстік Корея ядролық бағдарламасының мәні неде?
- ВСР мен ЛХДР экономикасы реформалау негізіне қытайлық жаңғырту нұсқасы неліктен алынды?

## **Рефлексия**

Төмендегі кестені толтыру.

Ел	Экономикадағы езгерістер	Саяси жүйенің ерекшеліктері
ҚХР		
КХДР		
ВСР		
ЛХДР		

## **Үйге тапсырма**

Кесте толтыруды аяқтау, 26-параграф материалын қайталау.

### **§ 27. Үндістан мен Пәкстан**

#### **Сабактың маңсаты**

Үндістан мен Пәкстан дамуының ерекшеліктерін қарастыру. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

#### **Көрнекі құралдар**

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

#### **Негізгі ұғымдар**

Тоталитаризм — қоғам өмірінің барлық салаларын мемлекеттің тольқ бақылауы, конституциялық құқықтар мен бостандықтардың іс-жүзінде жойылуы, жазалау өрекеттері тән саяси режім.

#### **Негізгі оқиғалар**

**1947 ж., 15 тамыз** — Үндістан төуелсіздігі туралы заң.

**1947—1949 жж.** — Үндістан мен Пәкстан арасындағы шекараны бөлу.

**1950 ж.** — Үндістан Конституциясының қабылдануы.

**40—50-жылдар** — Үндістандағы жаңғыртудың бірінші кезені.

**60-жылдар** — Үндістандағы жаңғыртудың екінші кезені.

**1971 ж., 26 наурыз** — Бангладеш Халық Республикасының жариялануы.

**1977 ж., 5 шілде** — Зия уль-Хак бастаған өскери режимнің орнауы.

**80—90-жылдар** — Үндістандағы жаңғыртудың үшінші кезені.

**1984 ж.** — Сикх жікшілдерінің Индира Гандиді өлтіруі.

**1991 ж.** — Раджива Гандидің өлтірілуі.

**1948—1949 жж.; 1965—1966 жж.; 1971 ж.** — үш үнді-пәкстан соғысы.

**1992 ж., 22 ақпан** — Үнді-Қазақстан қарым-қатынастарының орнатылуы.

**2001 ж., маусым** — Пәкстан президенті болып П. Мушарраф сайланды.

**1. Үй тапсырмасын қайталау.**

Кесте мазмұнын тексеру, параграфқа берілген сұрақтармен жұмыс.

БАҚ материалдарымен жұмыс істеу. Оқушылар төмендегі сұрақтарға қайтаратын жауаптарында газет материалын пайдаланады:

— Вьетнамның қазіргі дамуы қандай?

— Лаостың қазіргі дамуы қандай?

— КХДР-дің қазіргі дамуы қандай?

— Осы елдер мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастар қалай қальштасуда?

**2. Жаңа материалды оқып үйрену.**

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

**3. Мұғалімнің әңгімесі.**

15 тамызда ағылшын парламенті «*Үндістанның тәуелсіздігі туралы*» заң қабылдады. Үндістан аумағында екі мемлекет: Үндістан Одағы мен Пәкстан қурылды. Оларға Британ үлттар достастығы шеңберінде доминиондар статусы берілді. Британдық Үндістан бөлінуінің негізінде діни принцип алынды. Үндістан Одағындағы халықтың көпшілігі үндістер, Пәкстанда — мұсылмандар болды. Діни белгі бойынша лажсыз қоныс аудару басталды. Үндістан мен Пәкстан арасындағы шекаралар бөлінді. Кашмир князьдігінің Үндістан Одағына қосылуы тоқтатылмай келе жатқан жанжалдың себебіне айналды.

**4. Сынып оқушылары үш топқа бөлінеді.** Әрқайсысы өз тапсырмасын алады. Мұғалім оқулықпен жұмыс істеуді үйлемдастырады:

*1-top:* Үндістанның дамуы.

*2-top:* Пәкстанның дамуы.

*3-top:* медиаторлар.

- 1-төн: тақырып бойынша материалды баяндайды.
  - 2-төн: тақырып бойынша материалды баяндайды.
  - 3-төн: алгаашық екі топқа сұрақтар қояды.
- Үндістанның саяси билігінің құрылымы қандай?
- Үндістанды жаңғыртудың әрбір кезеңінің ерекшелігі қандай?
- Үндістанның ішкі-саяси дамуының ерекшеліктері.
- Жікшілдік проблемасы неде?
- Үндістан сыртқы саясатының негіздері.
- Үндістандағы контреволюциялық ерекшеліктер.
- Пәкстанның қазіргі кездегі дамуының ерекшеліктері.

### ***Рефлексия***

Үндістан өнірінің барлық жақтарын жаңғырту ерекшеліктері.

Пәкстанның қазіргі дамуының ерекшеліктері.

### ***Үйге тапсырма***

27-параграфқа берілген сұрақтар. «Ислам фундаментализмі», «Талибандар қозғалысы» рефераттарын оқушыларға бөлу.

## **§ 28. Иран мен Ауғанстан**

### ***Сабактың мақсаты***

Ирандағы революция және Ауғанстан дамуының мақсаттарын, ерекшеліктерін қарастыру. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанышын қалыптастыру.

### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

### ***Негізгі ұғымдар***

Теократия — саяси билік діни адамдардың қолында болатын, мемлекет басшысы, сонымен бірге дін басшысы болып табылатын басқару нысаны.

Сұннізм — ислам екі негізгі бағыттарының бірі. Құран-мен (мұсылмандардың киелі кітабы) бірге Сұннетті таниды. Билік туралы мәселені шешу кезінде буқіл қауымының келісіміне сүйенеді.

*Шиизм* — исламдағы екі бағыттың бірі. Сұннизмнен айырмашылығы имам-халифтерден тек Али өuletін ғана мойындайды. Шиизм бірден-бір заңды басқарушылар ретінде мұсылман имамдарын ғана санайды, зайырлы билікті мойындаамайды.

### *Nегізгі оқиғалар*

- 1951 ж., сөуір** — Иранның мұнай өнеркәсібін ұлт мен шігіне алудың тәртібі туралы заң қабылданды.
- 1952 ж.** — Иранның Ұлыбританиямен дипломатиялық қатынастары тоқталды.
- 1959 ж.** — Иран АҚШ-пен өскери келісім жасасып, ол осы аймақта Американ ықпалын қүштейтті.
- 1960 ж.** — Ирандағы «Ақ революция».
- 1973 ж., 17 шілде** — Ауғанстанда мемлекеттік төңкеріс жасалды, монархия жоыйылды.
- 1975 ж.** — Иранда көнпартиялық жүйе бірпартиялық жүйемен ауыстырылды.
- 1978 ж.** — Ирандағы монархияға қарсы революция.
- 1978 ж., 27 сөуір** — Мемлекеттік төңкеріс жасалды. Ел Ауғанстан Демократиялық Республикасы деп қайта аталды.
- 1979 ж.** — Шах режимі құлатылды.
- 1979 ж., 1 сөуір** — Иран Ислам Республикасы жарияланды.
- 1979 ж.** — Қазіргі кезде қолданылып жүрген конституция қабылданды.
- 1979 ж., 27 желтоқсан** — Ауғанстанға кенес өскерлері енгізілді.
- 1980 — 1988 жж.** — Иран-Ирак соғысы.
- 1987 ж.** — Ауғанстан Республикасы атауының қайта-рылуы.
- 1988 ж., 15 мамыр — 1989 ж., 15 ақпан** — Кенес өскерлері Ауғанстаннан әкетілді.
- 1992 ж.** — Иран мен Қазақстан арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды.
- 2003 ж.** — Қабылданған Конституцияда Ауғанстан — Ауғанстан Ислам Республикасы деп жарияланды.
- 2005 ж., 23 желтоқсан** — БҮҮ Қауіпсіздік Кенесі Иран «ядролық мәселесі» бойынша қарар қабылдады.

1. Үй тапсырмасын қайталау.  
Параграфқа берілген сұрақтармен жұмыс.

**БАҚ материалдарымен жұмыс.** Оқушылар төмөндегі сұрақтарға қайтаратын жауаптарында газет материалын пайдаланады:

- Иранның қазіргі дамуы қандай?
- Ауғанстанның қазіргі дамуы қандай?
- Иран мен Ауғанстанның Қазақстанмен қарым-қатынастары қалай қалыптасуда?

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабақтың мақсаттарын белгілейді және айтады.

3. Мұғалім оқулықтағы мәтінмен оқушылардың жұмысын үйімдастырады. Оқушылар «Иран мен Ауғанстан дамуының үқсастығы, айырмашылығы және ерекшелігі» деген салыстырма кесте дайындауды:

Елдер	Үқастық	Айырмашылықтар	Ерекшеліктер
Иран, Ауғанстан	<ul style="list-style-type: none"><li>1. Экономиканың нашар дамуы.</li><li>2. Мұнай өнеркәсібінің дамуы.</li><li>3. Халықтың тұрмыс дөрежесінің төмен болуы.</li><li>4. Елде саяси бірліктің жоқтығы.</li><li>5. Діни ағымдардың жоғары белсендігі.</li><li>6. Монархиялық режимдерді құлату.</li><li>7. Мемлекеттік тәңкерістер.</li><li>8. Демократиялық қозғалыстың әлсіздігі</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>1. Ирандағы экономикалық реформалар өрекеттері.</li><li>2. Иранның сыртқы саясатының АҚШ-қа бағдары.</li><li>3. КСРО-ның Ауғанстан ішкі істеріне араласуы.</li><li>4. Ауғанстанның ішкі жағдайының кенес өскерлерінің катысы салдарынан тұрақсыздандуы</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>1. «Талибан» қозгалысының күшті үстанымдары.</li><li>2. Ауғанстан аумағында Ислам содырларын даярлау.</li><li>3. Ауғанстанның тұрақсыз ішкі саяси жағдайы.</li><li>4. Иран мен Ауғанстан арасындағы үзакқа созылған аумактық жанжал</li></ul>

### **Рефлексия**

Иранның қазіргі дамуының басты ерекшеліктері?  
Ауғанстанның тұрақсыз дамуының себептері.

### **Үйге тапсырма**

28-параграфқа берілген сұрақтармен жұмыс.

## § 29. Түркия

### **Сабактың мақсаты**

Түркияның даму ерекшеліктерін қарастыру. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

### **Көрнекі құралдар**

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

### **Негізгі ғұрымдар**

Этатизм — экономикалық, әлеуметтік, мәдени және қоғамдық өмірдің басқа салаларында белсенді мемлекеттік саясат жүргізуіндің принципі.

### **Негізгі оқиғалар**

**1948 ж.** — Маршалл жоспары бойынша АҚШ-тан экономикалық көмек алу.

**1959 ж.** — Түркия аумағында әскери базалар орналасыру құқығына қатысты американ-турік келісімі.

**1960 ж., 27 мамыр** — Елдегі әскери төңкеріс.

**1961 ж.** — Конституцияның қабылдануы.

**60—70-жылдар** — елдегі индустримальдыру саясаты.

**1980 ж.** — Оңшыл және солышыл экстремизмге жол бермеу мақсатындағы әскери төңкеріс.

**1982 ж.** — Жаңа Конституцияның қабылдануы.

**1989—1993 жж.** — Түркиядың экономикалық жаңғыру.

**1995 ж.** — Түркия мен ЕО Қедендік одақ туралы келісімге қол қойды.

1. Үй тапсырмасын қайталау.

Параграфқа берілген сұрақтармен жұмыс.

**БАҚ материалдарымен жұмыс.** Оқушылар тәмендегі сұрақтарға қайтаратын жауаптарында газет материалын пайдаланады:

— Түркияның қазіргі дамуы қандай?

— Түркия мен Қазақстан қарым-қатынастары қалай қалыптасуда?

## **2. Жаңа материалды оқып үйрену.**

Мұғалім сабак тақырыбын тақтага жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

## **3. Мұғалім өнгімесі.**

Елдегі ішкі жағдайға және экономиканың өрлеуіне АҚШ-тың 1948 жылы Маршалл жоспары бойынша көрсеткен көмегі зор өсер етті. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда мемлекет экономикаға белсенді түрде араласу бағытын жүргізді, ол *этатизм* саясаты деп аталды. 50-жылдары экономикада өзгерістер болып, жекеменшік сектор мемлекеттік сектордан асып түсті. 50-жылдары өнеркәсіп өнімінің жыл сайынғы өсімі Түркияда 8%-ға жетті. 60—70-жылдары индустрияландыру саясаты мемлекеттік секторда энергетика, қара және түсті металлургияның, мұнай өндеу өнеркәсібінің, автомобиль жасау саласының, т. б. құрылудына жеткізді. 80-жылдары елде нарықтық реформалар басталды. Қесіпкерлікке қолдау көрсетілді. Түркия экономикалық дағдарыстан шығып, экспортқа бағдарланған экономикасы жедел қарқынмен дамыды. Түркия индустриялды-аграрлы мемлекетке біржолата айналды. Бірақ халықтың өлеуметтік мәселелері толық шешілмеді. 2001 жылғы экономикалық және қаржы дағдарысына Түркия, негізінен, мемлекеттік секторды ырықтандыру мен ішінәра жекешелендіру бағытының одан өрі жүргізілуі арқасында төтеп берді.

## **4. Мұғалім оқулықтың мәтіні бойынша жұмыс ұйымдастырады.**

Оқушылар материалды оқып, мұғалім тақтага жазған сұрақтарға ауызша жауап қайтарады.

— Түркияның саяси өмірінде армияның белсенді рөл атқаруы неден туындалы?

— Исламдық партиялар мен ағымдардың саяси өмірде және ел парламентінің сайлаудында күшешоюінің себебі неде?

— Түркия сыртқы саясатының негізгі бағыттары.

### ***Рефлексия***

Түркия дамуының біз оқып-зерделеген Азия елдерінен басты айырмашылығы неде?

### ***Үйге тапсырма***

29-параграфқа берілген сұрақтармен жұмыс.

## § 30. Ирак пен Израиль

### **Сабактың маңызы**

Ирак пен Израиль дамуының ерекшеліктерін қарастыру. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

### **Көрнекі құралдар**

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

### **Негізгі ұғымдар**

*Интифада* — палестиналықтардың жаппай көтеріліске шығуы.

*Холокост* — гитлершілердің Германияда және басып алынған аумақтарда еврей халқын жүйелі түрде қудалауы мен жоюы барысында олардың едөуір белгінің қырылуы.

### **Негізгі оқиғалар**

1948 ж., 14 мамыр — Израиль мемлекетінің құрылуы.

1948—1949 жж., 1956 ж., 1967 ж., 1973 ж., 1982 ж.,

2006 ж. — Араб-израиль соғыстары.

1958 ж. — Ирактағы революция — монархияны құлату.

1963 ж., 1968 ж., 1979 ж. — Ирактағы мемлекеттік төңкерістер.

1970 ж., 16 шілде — Ирак Халықтық Демократиялық Республикасының жариялануы.

1980—1988 жж. — Иран-Ирак соғысы.

1990 ж., 1-2 тамыз — Ирак армиясының Кувейтке басып кіруі.

2003 ж., 18 мамыр — АҚШ пен Ұлыбритания өскери күштерінің Иракқа басып кіруі.

2003 ж., мамыр — Палестиналық араб мемлекетін құруды қөздеген «Жол картасы» жоспарының қабылдануы.

2005 ж., 15 қазан — Ирактың жаңа Конституциясы қабылданды.

2006 ж., 30 желтоқсан — Саддам Хусейн дарға асылды.

1. Үй тапсырмасын қайталау.

Параграфқа берілген сұрақтар.

**БАҚ материалдарымен жұмыс.** Оқушылар төмендегі сұрақтарға қайтаратын жауаптарында газет материалын пайдаланады:

- Ирактың қазіргі дамуы қандай?
- Израильдің қазіргі дамуы қандай?
- Қазақстанның Ирак, Израильмен қарым-қатынастары қалай қалыптасып келеді?

**2. Жаңа материалды оқып үйрену.**

Мұғалім сабак тақырыбын тақтага жазады. Сабактың мақсаттарын белгілейді және айтады.

**3. Мұғалімнің әңгімесі. Ирак Республикасының құрылуды. Израиль мемлекетінің құрылуы.**

4. Мұғалім окулық мәтінін оқушылардың түсіндірме бере отырып оқуын үйімдастырады. Оқушылар материал топтамасын өз бетінше оқиды. Содан соң оқылған мәтінге түсіндірме береді. Оқиғалар болған жерді картадан көрсетеді. Мұғалім қосымша сұрақтар қояды:

- Иракта мемлекеттік төңкерістердің жиі болуының себептері.
- Иракта демократиялық режимдердің жеке диктатурамен тоталитарлық режимдерге айналуының себептері.
- Ирактың индустримальдыру саясатына көшүіне не себеп болды?
- Иран-Ирак соғысына, сендердің ойларынша қалай жол бермеуге болар еді?
- Парсы шығанағы аймағындағы экономикалық соғысқа қалай жол бермеуге болар еді?
- «Шөлдегі дауыл» әскери операциясының қажеттігін дүниежүзінің жүртшылығы қалай бағалады, бұл жөнінде сендер не ойлайсындар?
- АҚШ-тың Ирактағы Курдстанды бөлу жөніндегі әрекетін сендер қалай бағалайсындар?
- Ирактың қазіргі дамуында қандай өзгеріс болды?
- АҚШ-тың Ирак істеріне араласуын сендер қалай бағалайсындар?
- Израиль мемлекетін құру қажеттігін сендер қалай түсінесіндер?
- Израиль мемлекеті қоныс аударған мемлекеттер тобына неліктен жатқызылған?

- Израиль неліктен орта тапты елге жатқызылған?
- Араб-израиль соғыстарының себептері?
- «Бейбітшілік орнына — жер» қағидасты нені білдіреді?
- Палестинаны азат ету үйымын (ПАУ) кім басқарды?
- ПАУ іс-әрекеттерінің дәйексіздігі неде?
- «Жол картасы» жоспарын жүзеге асыруға не бөгет болуда?
- Таңу Шығыстағы егеске қалай жол бермеуге болады?

### ***Рефлексия***

Араб-израиль жанжалының себептері және оны шешудің жолдары.

Ирактың басты мәселелерін шешудің жолдары.

### ***Үйге тапсырма***

30-параграфқа берілген сұраптармен жұмыс.

*Жалпылама сұрақ:*

- Ирактың басты мәселелері.
- Өнеркәсіптің қандай салалары бірінші кезекте ұлт меншігіне алынуы тиіс?
- С.Хусейн билігінің айырмашылығы неде?
- Иракқа қарсы 1990 жылы енгізілген экономикалық санкциялар қандай болды?
- «Шөлдегі дауыл» әскери операциясының нәтижесі қандай?
- Жазылмаған Конституция нені білдіреді?
- Интифада деген не?
- Палестина автономиясы туралы мәселе қалай шешілді?

### **IX тарау. Африка елдері**

#### **§ 31. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың бас кезіндегі Африка континенті елдері**

##### ***Сабактың мақсаты***

Африка елдері дамуының ерекшеліктерін және Африка континенттеріндегі жанжалдардың себептерін қарастыру. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

##### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

## ***Негізгі ұғымдар***

*Отарсыздандыру* — отарлық жүйені жою.

*Социалистік бағдар жолы* — социализм орнатуға бірте-бірте жеткізетін өзгерістерді жүзеге асыру.

## ***Негізгі оқиғалар***

**1945—1980 жж.** — Африка елдерінің ұлт-азаттық қозға-лысының бірінші кезеңі.

**1952 ж.** — Египеттегі отаршылдыққа, феодалдыққа қар-сы революция.

**1953 ж., 18 маусым** — Египет Республикасының жария-лануы.

**1956 ж.** — Египеттің Израильмен қарулы қақтығысы.

**50—80-жылдар** — Африка елдерінің ұлт-азаттық қозға-лысының екінші кезеңі.

**1960 ж.** — Африка жылы, 17 мемлекет тәуелсіздік алды.

**1960 ж.** — Африка Бірлігі Ұйымы құрылды.

**1970 ж.** — Египет Араб Республикасының жариялануы.

**1992 ж., 6 наурыз** — Н.Ә.Назарбаевтың Египетке бірінші сапары.

**2001 ж.** — Африка Одағы (АО) континенталдық ұйымы-ның құрылуы.

**2001 ж.** — «Африка елдері үшін жаңа серіктестік» (АЕЖС) қабылданды.

1. Үй тапсырмасын қайталау.

30-параграфқа берілген сұрақтармен жұмыс.

Тақырыпшалар бойынша тапсырмаларды бөлу.

**БАҚ материалдарымен жұмыс.** Оқушылар тәмендегі сұрақтарға қайтаратын жауаптарында газет материалын пайдаланады:

— Египеттің қазіргі дамуы қандай?

— Оңтүстік Африка Республикасының қазіргі дамуы қан-дай?

— Қазақстанның Египетпен және Оңтүстік Африка Республикасымен қарым-қатынастары қалай қалыптасып келеді?

2. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады. Сабактың мақсатын белгілейді және айтады.

3. Мұғалім оқушылар жұмысын «ток-шоу» принципі бойынша ұйымдастырады. Төмендегі мәселелер бойынша дайындалған оқушылар ортага шығады:

- Африканың отарсыздануы.
- Африка елдерінің социалистік бағдар жолы.
- Египеттің дамуы.
- Африка мемлекеттерінің қазіргі кезендеңі дамуы.
- Оңтүстік Африка Республикасы.

Оқушылар ең маңызды оқиғаларды дәптерге жазады.  
Жаңа материалдарды талқылауға қатысады.

4. Мұғалім материалды талқылауға қатысып, оқушылардың сөздерін толықтырады, сұрақтар қояды.

- Африка елдерінің отарсыздандыру әдістерін атаңдар.
- Президенттер Г.Насер мен А.Садат бағыттарының басты айырмашылығы неде?
- Оңтүстік Африка Республикасының Африка континентінің дамуындағы және ел ішінде болған оқиғалардағы алған рөлі?
- Африка континентіндегі жанжалдардың себептерін атаңдар.
- Африка континентіндегі қандай бірігу үдерістері халықтың түрмис дәрежесінің артуына, көптеген мәселелердің шешілуіне жәрдемдесіп отыр.
- Даму мыңжылдығының Декларациясы нені көздейді?
- Африканың ашаршылық пен СПИД сияқты маңызды мәселелері қалай шешілуде?

### ***Рефлексия***

Африка елдерінің қазіргі дамуын қалай бағалауға болады.

### ***Үйге тапсырма***

31-параграфқа берілген сұрақтарға жауап өзірлеу.

## **Х тарау. Латын Америкасы елдері**

### **§ 32-33. 40-жылдардың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы Латын Америкасы**

#### ***Сабактың маңсаты***

Латын Америкасы елдерінің даму ерекшеліктерін қарастыру. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

#### ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

#### ***Негізгі ұғымдар***

Эмбарго — 1) тауарлардың белгілі бір түрінің, құнды заттардың, алтынның, бағалы қағаздардың елге әкелінуіне немесе елден шыгарылуына мемлекеттік тыйым салу; 2) белгілі бір ел жөніндегі жазалау шарасы ретінде онымен саудаға тосқауыл қою.

#### ***Негізгі оқиғалар***

- 1948 ж. — Американ мемлекеттері ұйымының (АМО) құрылуы.
- 1959 ж.— Кубадағы революция.
- 1961 ж. — Контрреволюциялық күштердің Американ кемелерінен Кубага түсірілуі.
- 1961 ж. — Кубаның социализм орнату бағыты.
- 1961 ж. — Д.Кеннедидің «Прогресс жолындағы одақ» бағдарламасы.
- 1964 ж. — Бразилия өскерлерінің ұлттық қауіпсіздік доктринасын өзірлеуі.
- 1967 ж., 14 ақпан — Латын Америкасында ядролық карусыз аймақ құру туралы шартқа қол қойылды.
- 1970—1973 жж. — Чили революциясы.
- 1979 ж. — Никарагуа революциясы.
- 1980 ж. — Чилиде жаңа Конституция қабылданды.
- 1983—1987 жж. — АҚШ Никарагуаға басып кірді.
- 1990 ж. — Кубаның кеңестік үлгі бойынша социализм орнатудан бас тартуы.

- 1991 ж.** — Төрт елдің: Аргентинаның, Бразилияның, Парагвайдың, Уругвайдың кедендей одағы мен ортақ нарығын — Оңтүстіктің ортақ нарығын (МЕРКОСУР) құру туралы шартқа қол қойылды.
- 1991 ж.** — Гватемала, Сальвадор, Никарагуа, Гондурас, Коста-Рика және Панама өнірлерінде еркін сауда аймағын — Орталық Америка ықпалдастық жүйесін (ОАИС) құру туралы келсімге қол қойды.
- 1998 ж.** — ОАИС пен МЕРКОСУР еркін сауда аймактарының қосылуы.
- 2005 ж.** — Екі континентті біріктіретін Американ еркін сауда айналымы (АЕСА) құрылды.
- 2007 ж., 26 ақпан** — Венесуэлада шетелдік компаниялардың бақылауындағы мұнай кен орындарын ұлт менишігіне алу туралы Жарлыққа қол қойылды.

**1. Жаңа материалды оқып үйрену.**

Мұғалім сабак тақырыбын тақтага жазады, сабактың мақсатын белгілейді және айтады.

**2. Сынып оқушылары үш топқа бөлінеді, мұғалім оқулық материалдары 32-33 параграфтар бойынша оқуга арналған тақырыпшаларды бөледі.**

Мұғалім топтардағы жұмысты «селдір ара» әдісі бойынша үйімдастырады: құрылған топтар алғашында нақты материалды оқып үйренеді, содан соң әрбір топта оқушылар (бұл жағдайда) бірден үшке дейін (жұмыс істейтін топтардың саны бойынша) санап, 1-, 2- және т.б. жаңа топтар құрады. Жаңа топтарда әрбір оқушы оқыған материалын ортаға салады, содан соң оқушылар бастапқы топтарға қайта оралып, жаңадан құрылған топтарда естіп білгендері жайында айтады.

**1-top:** Латын Америкасы XX ғасырдың 40—50-жылдарында, 60—70-жылдарында, 80—90-жылдарында, XXI ғасырдың бас кезінде.

**2-top:** Латын Америкасы құрлығында Куба, Чили, Никарагуа революциялары, олардың себептері, сипаты, ерекшеліктері.

**3-top:** Латын Америкасындағы қазіргі ықпалдастық үдерістері.

*Жұмыс кезінде оқушылар мұғалім тақтага жазған сұрақтарға оқулықтан жауаптар табады:*

- Кубада социализмнің кеңестік моделінің қандай элементтері барынша айқын көрінді?
- Кубадағы мемлекеттік қайта өзгерістердің ерекшелігі неге?
- Кубаның саяси және экономикалық дамуының тиімді нұсқасын атандар.
- Латын Америкасындағы өскери төңкерістердің себептері.
- А.Пиночеттің билік басында үзак болуының себебі неге?
- А.Пиночеттің диктаторлық режимнен демократия пайдасына бас тартуын немен түсіндіруге болады?
- Латын Америкасындағы өскери-диктаторлық режимдер дағдарысының себептері?
- Латын Америкасындағы сол жаққа жасалған бұрылыш нені білдірді?
- Ықпалдастық үдерістері Латын Америкасы елдерінің өміріне қандай әсер етті?
- Латын Америкасындағы экономикалық бірігудің екі моделі нені білдіреді?

### ***Рефлексия***

Латын Америкасы елдері дамуының басты қорытындылары.

### ***Үйге тапсырма***

32-33-параграфтарды қайталау.

## **XI тарау. МӘДЕНИЕТ**

### **§ 34. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы мәдениеттің дамуы**

#### ***Сабактың мақсаты***

Дүниежүзі елдері мәдениетінің дамуындағы ортақ және айрықша ерекшеліктерді қарастыру. Логикалық ой-өрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

## ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

## ***Негізгі ұғымдар***

*Конформизм* — бейімделушілік, қалыптасқан тәртіпті және үстемдік ететін пікірлерді енжарлықпен қабылдау.

*Мәдениет* — материалдық және рухани құндылықтардың, қоғам мен адамның тарихи дамуының белгілі бір деңгейін көрсететін жиынтығы.

1. Жаңа материалды оқып үйрену.

Мұғалім сабак тақырыбын тақтаға жазады, сабактың мақсатын белгілейді және айтады.

2. Оқушылар тақырыптар бойынша жобаларды күні бұрын өзірлейді және бұларды сабак кезінде қорғайды.

Олар өз сөздерін көрнекі материалдармен толықтырады. Бейнеказба көрсетуге болады.

## ***Рефлексия***

Мәдениет дамуындағы жаңа кезеңнің ерекшеліктері.

### ***Жобалар тақырыптарын бөлу:***

- Бұқаралық мәдениет және оның өмірдегі орны.
- Қоғамдық дамудың ең табысты теориялары: Ростоу, Гэлбрейт, Белл.
- Экономикалық тұжырымдамалар.
- БАҚ-тың қазіргі қоғам өміріндегі рөлі.
- Бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістіктің қалыптасуы.

## ***Қайталау-тұжырымдау сабагы***

### ***Сабактың мақсаты***

Софыстан кейінгі әлем елдерінің даму барысын қайталау, алған білімді пысықтау. Логикалық ой-әрісті дамыту. Оқушының жеке белсенді өмірлік үстанымын қалыптастыру.

## ***Көрнекі құралдар***

1. Дүниежүзінің саяси картасы.
2. БАҚ материалдары.

**1. Оқылған материалды қайталау сабагы.**

Мұғалім сабақ тақырыбын тақтаға жазады, сабактың мақсатын белгілейді және айтады.

**2. Терминологиялық диктант.**

**1-нұсқа:** Пацифизм, апартеид, диверсификация, конформизм, жаңғыру, оппозиция, санкция, жазалау, урбанизация, этнос, суннизм, тоталитаризм, федерация, атлантизм, геосаясат.

**2-нұсқа:** Инфрақұрылым, конфедерация, диктатура, диссидент, құнсыздану, импичмент, бірігу, конфронтация, олигархия, унификация, шиизм, жекешелендіру, бөлектеу, стратификация, репатриация.

**3. Тестілеу.**

**1. Трумэннің консерваторлық ішкі саясаты оның сыртқы бағытына әсер етіп, былай деп аталды:**

- а) «Атом дипломатиясы»;
- ә) «Жаңа консерваторлық толқын»;
- б) «Пікірі түзулікте тексеру»;
- в) «Жол картасы»;
- г) «Жаңа әріптестік».

**2. АҚШ-тәгі маккартизм саясаты мынандай көзделді:**

- а) демократияның гүлденуі;
- ә) консерваторлық құштердің өршуі;
- б) кәсіподак қозғалысының қүшейіоі;
- в) «өнді халықты» кемсіту;
- г) экономикалық реформалар.

**3. Тэтчеризм саясатының басты ерекшелігі:**

- а) ұлт меншігіне алу;
- ә) социалдандыру;
- б) жекешелендіру;
- в) демократияландыру;
- г) капиталдандыру.

**4. Вилли Брандт жүргізген бағыт:**

- а) жаңа Шығыс саясаты;
- ә) атом дипломатиясы;
- б) егемендіктер парады;
- в) «Ушінші құш»;
- г) атлантизм.

**5. Франциядағы «жеке билік режімін» орнатқан:**

- а) Блюм;
- ә) Миттеран;
- б) де Голль;
- в) Помпиду;
- г) Жискар д' Эстен.

**6. Чилидегі революция:**

- а) 1950—1953 жж.;
- ә) 1970—1973 жж.;
- б) 1960—1963 жж.;
- в) 1980—1983 жж.;
- г) 1990—1993 жж.

**7. Кубадағы мемлекеттік өзгерістердің ерекшелігі:**

- а) билікті мықтап орталықтандыру;
- ә) орталықтандырылған биліктің болмауы;
- б) біртіндеп демократияландыру;
- в) толық жекешелендіру;
- г) көппартиялық.

**8. НАТО әскери блогы құрылған жыл:**

- а) 1949 жыл;
- ә) 1951 жыл;
- б) 1961 жыл;
- в) 1979 жыл;
- г) 1985 жыл.

**9. Коныс аударған мемлекеттер тобына жататындар:**

- а) Франция;
- ә) Бразилия;
- б) Пәкстан;
- в) Израиль;
- г) Камерун.

**10. Түркияда соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда жүзеге асырылған этатизм саясаты мынаны көздеді:**

- а) толық жекешелендіру;
- ә) экономикаға араласу;
- б) монополияға қары заң шығару;
- в) ірі кесіпкерлік;
- г) нарықтық механизмдерді іске қосу.

**4. Нұсқалар бойынша жазба жұмысы:**

**1-нұсқа:**

— Дүниежүзінің соғыстан кейінгі саяси дамуының ерекшеліктері.

**2-нұсқа:**

— Дүниежүзінің соғыстан кейінгі экономикалық дамуының ерекшеліктері.

**Рефлексия**

Батыстың дамушы елдерінің қазіргі кездегі дамуының басты үрдістерін атаңдар.

## МАЗМУНЫ

<b>I тарау.</b> XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың бас кезіндегі дүниежүзі дамуының негізгі үрдістері	
§ 1. Дүниежүзінің соғыстан кейінгі дамуы. Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары .....	3
§ 2. Дүниежүзі саяси дамуының ерекшеліктері .....	6
§ 3. Қазіргі заманың жаһандық мәселелері .....	9
<b>II тарау. 1945—2011 жылдардағы халықаралық қатынастар</b>	
§ 4. 40-жылдардың екінші жартысы мен 50-жылдардағы халықаралық қатынастар .....	11
§ 5. XX ғасырдың 60-жылдары мен 80-жылдардың бірінші жартысындағы халықаралық қатынастар .....	14
§ 6. XX ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысы мен XXI ғасырдың бас кезіндегі халықаралық қатынастар .....	16
<b>III тарау. Америка Құрама Штаттары</b>	
§ 7. Америка Құрама Штаттары 1945—1960 жылдарда .....	19
§ 8. Америка Құрама Штаттары 1960—2011 жылдарда .....	21
<b>IV тарау. Батыс және Оңтүстік Еуропа елдері</b>	
§ 9. Ұлыбритания .....	23
§ 10. Франция .....	26
§ 11. Германия Федеративтік Республикасы .....	27
§ 12. Италия .....	29
<b>V тарау. Жапония. Корея Республикасы</b>	
§ 13. Жапония .....	31
§ 14. Корея Республикасы .....	33
<b>VI тарау. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы</b>	
§ 15. 40-жылдардың ортасы мен 50-жылдардың басындағы КСРО .....	35
§ 16. 50-жылдардың ортасы мен 60-жылдардың бірінші жартысындағы кеңес қоғамы .....	37
§ 17. 60-жылдардың екінші жартысы мен 80-жылдардың бірінші жартысындағы КСРО .....	40
§ 18. Кеңес Одағы 1985—1991 жылдарда .....	42
§ 19. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы .....	44
§ 20. Ресей Федерациясы 1991—2011 жылдарда .....	47
<b>VII тарау. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдері</b>	
§ 21. 40-жылдардың екінші жартысы мен 50-жылдардағы Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдері .....	49

§ 22. 50-жылдардың соңы мен 80-жылдардың бас кезіндегі Шығыс Еуропа елдері .....	51
§ 23. XX ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдері .....	54
<b>VIII тарау. Азия елдері</b>	
§ 24. 1946—1976 жылдардағы Қытай .....	57
§ 25. Қытай реформалар жолында .....	59
§ 26. Корей Халық Демократиялық Республикасы. Үндіқтай елдері .....	62
§ 27. Үндістан мен Пәкстан .....	65
§ 28. Иран мен Ауғанстан .....	67
§ 29. Турция .....	70
§ 30. Ирак пен Израиль .....	72
<b>IX тарау. Африка елдері</b>	
§ 31. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың бас кезіндегі Африка континенті елдері .....	74
<b>X тарау. Латын Америкасы елдері</b>	
§ 32-33. 40-жылдардың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы Латын Америкасы .....	77
<b>XI тарау. Мәдениет</b>	
§ 34. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы мәдениеттің дамуы .....	79
Қайталау-тұжырымдау сабагы .....	80

*Учебно-методическое издание*

**Локтионова Ольга Степановна**

**ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ**

**Методическое руководство**

Пособие для учителей 11 классов общественно-гуманитарного  
направления общеобразовательных школ

*(на казахском языке)*

Переработанное второе издание

Редакторы *E. Жақыпов*

Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатаев*

Техникалық редакторы *A. Сәдуақасова*

Корректоры *H. Досболова*

Компьютерде теріп, беттеген *Ж. Бекбосынова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

**ИБ № 2923**

Басуға 01.07.11 қол қойылды. Пішімі  $84 \times 108^1/_{32}$ . Қағазы оғсектік. Қаріп түрі «Школьная». Оғсектік басылым. Шартты баспа табагы 4,62. Шартты бояулы беттаңбасы 4,72. Есептік баспа табагы 3,92. Таралымы 1500 дана. Тапсырыс №

**«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.  
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.  
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34,  
E-mail: [mektep@mail.ru](mailto:mektep@mail.ru),  
Web-site: [www.mektep.kz](http://www.mektep.kz)**